



Жасұлан СЕРІК

# Көңіл көзіндегі құрашылғ

84 ғаз +  
С 37



Жасұлан СЕРИК

# Көніл көзіндегі қарашық

Ш  
Алматы  
«Жазушы»  
2013

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7-5

С 37

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі<sup>1</sup>  
Ақпарат және мұрағат комитеті  
“Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шыгару”  
бағдарламасы бойынша шығарылды

Серік Ж.

С 37 Көніл көзіндегі қарашиқ: Өлеңдер. – Алматы: “Жазушы”, 2013. – 112 бет. – “Жас толқын” сериясы.

ISBN 978-601-200-430-4

Жас ақынның бұл алғашқы жинағына жастық шақ, сағыныш, махаббат жөніндегі жүректі тербейтін мөлдір сезімге толы жырлары қамтылған. Жинақтағы бұдан өзге де әртүрлі тақырыптарға арналған циклдық өлеңдер топтамасы оқырманды шынайылығымен, сыршылдығымен тартады.



УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7-5

© Серік Ж., 2013

© “Жазушы” баспасы, 2013

ISBN 978-601-200-430-4



## АНАМА

### 1

Тұсімде сізді көрем...  
Білмедім не екенін,  
Далада оранған ақ қарға.  
Сіз келіп оянып кетемін,  
Шашымнан иіскең жатқанда.

Апатай!  
Сағындым...  
Өзінді езіліп қу қеудем,  
Кей кезде жастанып жанағым.  
Жалықтым қызықсыз күндерден.  
Білген бе ем дәл бұлай боларын,  
Қасыңа тез жеткім келеді,  
Сол ғана арманы балаңның.

Апашым, қасыннан...  
Неліктен кетті екем жырақтап,  
Шешімі ақымақ басымның.  
Кеудемде жауапсыз сұрақ қап,  
Санамды тонайды тосын мұң.  
Жыласам...  
Өзіндей кім мені жұбатпак,  
Жалғыздық – досым бұл!

Жылағым келеді...  
«Жігіттер жыламас!», – деуші едің,  
Сондықтан шығарман жасымды.  
Апаратай, мен сенің,  
Өң емес түсімде естімін дауысынды.  
Тіршілік...  
Төменге тартқылап еңсемді,  
Амалым таусылды...

Өмір-ай, қаталсың...  
Кинайсың тепкілеп өкпемнен,  
Тарылды-ау тынысым.  
Армандал бұл жакқа жеткенмен,  
Көп болған сенделіп жүрісім.  
Астана...  
Сәулетің болғанмен,  
Гимарат сарайлар көк керген.  
Білмедім кім үшін...  
Ауылға қайтамын...  
Құрысын...

Мен сізді сағындым...  
Жүрегім езіліп кетеді ойласам сізді мен,  
Жаныма мұң үйіп қойғандай күз күрен.  
Бұл жакта дәл сіздей сүймейді мені ешкім,  
Жанымды түсінер жан ізден жолдарға үздігем.  
Айлығы жететін шайлыққа,  
Басында үйі бар, күйі бар,  
Бұл жердің жұртынан жүз есе бақытты біздің ел.

Мен сізді сағындым...  
Тұсіме енесіз жабырқау жанымды жұбатып,  
Ия, солай,  
Қап-қара қаланы жүргенім шамалы ұнатып.  
Ал мұнда ардың да бағасы көк тиын,  
Абыройға апармас адасқан әнгүдік уакыт.

Мүшесі бола алмай миымды мезі еткен қоғамның,  
Жапырағы сарғайған сары емен секілді тоналдым.  
Қабағын бағумен күн кешіп келемін амалсыз,  
Сөздері жанымға бататын жындылау ағамның.  
Үмітім жемтігі болғалы мұнымның,  
Көп болған, армандау дегенді доғардым.

Аттанған сияқты ем төңкеріп тастардай ілімді,  
Дәрменсіз мақсатым амалсыз тіршілік түбіне тығылды.  
Нұрағам басқарған құраған дәл мендей жастары қаладан,  
Ақтарар жан таптай сенделдім сырым мен мұнымды.  
Ескекті қайығын шайқаған өмірдің толқыны,  
Есейтіп жіберді есті қып еркелеу ұлынды.

Безбүйрек ортама безбенді жырларым сала алмай бекініс,  
Өзекті өртейді жанымды жегідей үгіткен өкініш.  
Құшақтап жанарадан көз жасым сорғалап  
жылайын армансыз,  
Апатай...  
Дәл бүгін тұсіме тағы да бір еніп кетіңіз...  
Өтініш...

Еңсесін тіктең ержетті бүгін,  
Таянып бесік тербеткен балаң.  
Өзінен артық білмеппін бұрын,  
Қымбатты жоғын жер-көкте маған.

Шашыңың ағы – шашылған ғұмыр,  
Куәсі болған өткен күндердің.  
Көзіңен сенің жасырған сырын,  
Көремін, ана, көктемнің нұрын.

Өлеңді сүйген еркелеу ұлың,  
Тербетті әнмен туған даласын.  
Қамшыңың сабы келтелеу ғұмыр,  
Қызықты болмак сен барда, анашым.

Күлкінде жаздың шуағы керім,  
Күрсіністерің тым ауыр, неге?  
Өткенін көріп мына күндердің,  
Ұлыңды ойлап жыладым деме.  
Бәрі де жақсы, уайымдамашы,  
(Алқасын мұңың тағынып көп күн).  
...Түсімде көрдім, жаным, анашым,  
Мен сені қатты сағынып кеттім...  
Ана...

4

Адаммын деп мен несіне мактанам,  
Бір ісім жоқ үмітінді актаған.  
Кешір, апа-ау, біле алмадым мен неге?  
Ақылды емес, ақылсыз ұл бол барам.

Елендейсің қабагымда болса мұн,  
Куып журмін пайдасы жоқ бал сағым.  
Осы жасқа келгенімше, білмедім,  
Жанарына түсірді екем қанша әжім?

Өтер жылдар, өтер айлар, өтер күн,  
Ал мен қалай парызымды өтермін?  
Ойлап тұрсам жүзіндегі әжімнің,  
Біріне де татымайды екенмін!

5

Кеселім бар қеудемде күз күрен мұн,  
Күз күрен мұн – келбеті біздің елдің.  
Мандайыгының иіскедің «құлымы» деп,  
Кеше, ана, түсімде сізді көрдім.

Өмір – жолда үмітім шашылып бар,  
Жинай алмай отырмын жасырып кар.  
Қалың қайғы іздел жүр мына мені,  
Құшағыңа ал, ана, жасырып қал.

Балғын шақты тым мұңсыз аңсап көп күн,  
Аңдамай не екенін алшаштықтың.  
Кешір, ана-ау, төзімім тозып бітті,  
Қаладан қайыры жоқ шаршап кеттім!

Ана...

### **КЕШІР, ӘКЕ...**

«Ұлым!», – деген сөзің енді естілмейді-ау, естілмес,  
Өмір – жұмбак, жауабын еш, әттең, құрғыр, шештірмес.  
Сен кеткенде арамыздан сол жылы,  
Бала екенмін ес білмес.

Бала көңіл әр нәрсеге алабұртып құмартқан,  
Еш күдерін үзбейді ол үміт пенен мұраттан.  
«Әкем кайда?», – деген кезде. Ал шешем,  
«Ертең келер, құлым!», – деп жұбатқан.

Солай десе санамдағы бұлты тарап құдіктің,  
Арбауында жүріппін ғой ұзақ уақыт үміттің.  
Мен әкемнің тек келмеске кеткенін,  
Тоғыз жасқа келгенімде біліппін.

Тек өмірде мейіріміне әкешімнің құмарттым,  
Кеш қалыптын, кеш болыпты бірақ тым.  
«Келмейді әкен!», – деген кезде үлкендер,  
Жүргіммен жылаптын.

Сан құбылыс, сан мың арман елес болып көзіме,  
Жатып аптын құлақ аспай шешем айтқан сөзіне.  
«Өлімменен күресемін, женемін!», –  
Деп осылай серт беріппін өзіме.

Тек сонына жете алмадым ойға алған ісімнің,  
Сарқылатын кезі болар бойымдағы күшімнің.  
Кешіректеу өмір менен өлімнің,  
Қатар жүрер екендігін түсіндім.

Сөзімді айтсам шешім тауып нақтырақ,  
Қам жемегін, ұлың енді екі аяққа нақ тұрад(ы).

Сен істеген жақсылықты өмірде,  
Тұысқандар айтып маған ұқтырад(ы).

Басқалардан мың есе артық, әке, сенің бағмың,  
Мен несіне мұнаямын, қиналамын, наламын.  
«Ұлың жаман!», – деп айтқызың келмесе,  
Дейтін шешем: «Әкене тарт, қарағым!».

Өлеңмен де, өмірмен де бауырымдай ұғысам,  
Жүргімде саған ғана арналатын жыр ұшан.  
Ақтау үшін мен анамның үмітін,  
Саған қарап ержетуге тырысам.

Уақыт неге аялдал-ақ алмайды еken бір демін,  
Бұл өмірдің жалғандығын неге ертерек білмедім.  
Амал қанша, сағынумен өзінді,  
Өте берер күндерім.

Көкіректе талықсыйды сая таптай бар үміт,  
Қалыптың той тағдырдың да дегеніне бағынып.  
Арамыздан кеткеніңің себебі:  
Жүрсін деп пе ең сағынып?!

«Не күн кешіп жүр екен?», – деп ойлаймысың екеуі,  
Әр нәрсенің болмайды ма аяғында өтемі.  
Шешем менен мына мені өмірде,  
Әруағынмен жебеп жүрсөң жетеді.

Бақыт таппақ бұл өмірден қындықты женсе адам,  
Бұл жалғаннан пенде болып менде келіп енші алам.  
Кешір, әке!  
Бұдан ерте, әттен-ай,  
Жыр жазбапын мен саған...

\* \* \*

Білмеймін бір кәдеге жарадым ба?  
Қыыс қанша қадам бастым санадым ба?  
Он үштен ассам дағы ісім шала,  
Ес кіргенше, Жаратқан, мына басты,  
Дұшпан мен жамандарға таба қылма!

Жалт етіп сәуле жанды-ау жанарымда,  
Мүмкін бір куаныш бар қабағымда.  
Тәуекел, өмір алда тік тұрармын,  
Тік тұрганша, Жаратқан, мына басты,  
Дұшпан мен жамандарға таба қылма!

Мүмкін мен өшіп, қайта жанамын да,  
Бір жерде керексіз боп қаламын да.  
Қалсамда керек етіп біреу алар,  
Алған кісім құным білсін, Жаратқаным,  
Дұшпан мен жамандарға таба қылма!  
Берерімде жок менің аларым да,  
Болғанымда, дәл осы боларым да.  
Өзіммен өзім жүрген пенде едім,  
Ендеше сол пенденді, Жаратқаным,  
Дұшпан мен жамандарға таба қылма!

Мен – мұзбалақ бір жарға қонамында,  
Ал қеудем көмілмесін нала-мұнға,  
Жаратқан, өтінерім мына сенен  
Дұшпан мен жамандарға таба қылма.

Біреулерге ойы артық баламын да,  
Мүмкін елім сенеді жаман ұлға.  
Жаман ұл үмітінді актар ертең,  
Үміт актар бір ұлды, Жаратқаным,  
Дұшпан мен жамандарға таба қылма!

\* \* \*

Жетісу, сенің тауынды сүйем мұнартқан,  
Қолын бұлғайтын «Сен мені көр!», – деп жырақтан.  
Жат көрме мені, мен Сырдан дағы тусам да,  
Ұлың боп өтем көркіне мәңгі құмартқан.

Жетісу, сенің бұлағынды сүйем мөп-мөлдір,  
Бір ерке тәтті кенжетайындаі көктемнің,  
Сәні де бұлақ, әні де бұлақ секілді-ау,  
Жап-жасыл мына шапанын киген көктемнің.

Жетісу, сенің көгінді сүйем көкпеңбек,  
Ақша бұлт салған қаламыменен текті өрнек.  
Көзін арбаған сұлулығымен адамның,  
Дәл мына сені, айтшы, кім сүймей жек көрмек.

Жетісу, сенің тал-құрағынды сүйем мен,  
Сәл сыбырынан жүрегіме мениң күй енген.  
Ақ қайың, сірә, құшағына жылы тартады-ау,  
Ару қыздарды, сұлу қыздарды сүйенген.

\* \* \*

Сен кеткелі, әже, жанымнан,  
Жаулады жанды сансыз мұн.  
Мейірімін ешкім төкпеді-ау,  
Мейіріміңдей дәл сіздің.  
Әруағың разы болса екен,  
Жоқтауға бердім сәл тізгін.  
Қайтемін, әже-ау, ажалдың,  
Алдында мен де әлсізбін.

Кездесіп енді атаммен,  
Тілдесіп жатқан боларсың.  
Бұрынғы балдай сәттердей,  
Күн кешіп жатқан боларсын.  
Қызынды көріп аналық,  
Күй кешіп жатқан боларсын.  
Мейірімі нұрлы, әжем-ау,  
Іздесен қайдан табарсың?

Құлыным деуші ең тым ерке,  
Еркелік қалды-ау тым алыс.  
Елестерің мен суреттер,  
Жан дүниеме енді жұбаныш.  
Боп алды қазір жүрегім,  
Сәл нәрсеге де жылағыш.  
Өзіңе жеткім келеді-ақ,  
Жетер жол саған тым алыс.  
Жаулады-ау жанды мұң-шерім,  
Тоналып жатыр қуаныш.  
«Ботам-ау, тындал ал!», – деп сен,  
Сөз айтушы едің пайымды.  
Қалай женемін мен енді,  
Тас болып катқан уайымды.

Ауылға барсам еске алам,  
Қаймақтаң құйған шайынды.  
Куанышқа жаяр дастархан,  
Қайғыға неге жайылды?  
Жәудіретіп ажал ботасын,  
Аруанасынан айырды.  
Көктегі Алла деуші еді,  
Мейірбан әрі қайырлы.  
Жаныңды алған Тәнірім,  
Жәннәттық етсін жайынды!!!  
Әумин!

### ДҰШПАНДАРЫМА ОДА

Мені түсінбейсіндер,  
Жалықтым,  
Сайқалдық бетперделерің.  
Аяғымнан шаласындар кеп,  
Бақытқа жеткенде менің.  
Сайқал қыс жайлаған көкіректерін,  
Білмейді-ау ертең коктем келерін!

Мені менсінбейсіндер,  
Күлесіндер,  
Есінен ауысқан ба деп.  
Түк сезбес ақымақ дейсіндер,  
Басынан бақ ұшқан ба деп.  
Сендердей жыламап едім,  
Денемді күл-талқан қылыш,  
Пышағын тағдыр шанышканда кеп!

Мені ұға алмайсындар,  
Шаршадым,  
Жағымпаз мактауларынан.

Қаншама қасірет әкелсендер де,  
Күдер үзгем жок ақ тандарымнан.  
Жаратқан Аллам демеушім болып,  
Айыра көрме тәтті арманымнан!

Мені жылатасындар,  
Көлгірсіп,  
Алдамышылықпен жұбатқан болып.  
Қаншама иттік жасасаңдар да,  
Жүргім тұрар шуаққа толып.  
Сендер өлгенде мен тірі болам,  
Жақсы істеріммен, бірақ та, соны үк!

Мені мұңайтасындар,  
Сезем,  
Дос болып көрінгендеріңмен.  
Жанымды жаураттындар ғой,  
Шуақ боп төгілгендеріңмен.  
Кайсарлықпенен қарсы тұрамын,  
Айыра алмассындар сенімдерімнен!  
Айыра алмассындар сезімдерімнен!

## СЫР

Қарағым...

Мен мұнды пендемін,  
Ерте ашқан өмірдің парагын.  
Бұл жаққа келгелі,  
Мейірімге қаталап шөлдедім.  
Шайтан ит азғырып,  
Көп іштім сезімнің шарабын.  
Жанымды үға алар ме екенсін,  
Сен менін!  
Таусылды амалым...

Бұл қала...

Қатыгез жандардың мекені,  
Ащысы молырақ, өте аз шекері.  
Нұр қала, бұл қала – жын қала.  
Дәл біздей сорлылар бұл жақта бізсіз де жетеді.  
Тұлпары есекпен дос болып,  
Сұнқармен жұптасқан көкегі.  
Іздеуден жалықтым,  
Елім деп еміренер көкені.  
Кейде мен тасбауыр қаладан,  
Безгім кеп кетеді...

Сезінем...

Әзірейіл алардай жанымды бүгін кеп.  
Мен кейде бордайын езілем.  
Ешкімге жалынғым келмейді,  
Жанымды үғын деп.  
Ажалдан емес-ау,  
Мейірімсіз қаладан қорқамын дірілдеп.  
Бәрінен безінем.  
Тек қана Аллаға мінәжат,  
Айтудан жалықпан күбірлеп...

Не етеміз...

Айтсаншы, қанекей, шынымен?  
Мен кейде тіршілік түбіне үнілем.  
Ойлаймыз, сонына жетеміз.  
Осындаі қиялдан кей сәтте түнілем.  
Дейтін ед ұлкендер: «Мәнгілік тұрмаймыз,  
бәріміз кетеміз...  
Тек қана ақындар жасайды жырымен...»  
Ендеше кететін шығармын,  
Сол жаққа түбі мен....

\* \* \*

Атам емес, күллі Алаштың ұлы едім,  
Жоғын жоқтап ал барына қуанған.  
Мәңгі «Қазақ», – деп соғады жүрегім,  
Сол жүректе сансыз сұрак, мың арман.

Сансыз сұрак жетелейді биікке,  
Ал мың арман апармай ма бакытқа?  
Қасындағын мен әркезде сүйікті ел,  
Сен күйінген, сен қуанған уақытта.

Мені сенен айырады тек өлім,  
Сені мәңгі сүйіп өтем жүрекпен.  
Мен сен үшін барлығына көнемін.  
Алып шығам жігеріммен түнектен.

Туған елім жаса мәңгі, сен өлме,  
Құрбандығың қажет десен мен едім.  
Сенен асқан Ұлы ел жоқ әлемде,  
Мен осыған сенемін!

## ТІРЛІК

Мына тірлік неткен тірлік?  
Мұн тірлік,  
Ақырына жетеміз деп ұмтылдық.  
Кеш үгамыз сонан кейін өкініп,  
Мұн тірліктің екендігін бір күндік.

Мына тірлік – сол баяғы күбелең,  
Жоқтар налып, барлар бәрін билеген.  
Жанарында жарқылы өшіп пендениң,  
Үміт дейтін мұнарасы күйреген.

Мына тірлік – соқыр тірлік көзі жоқ,  
Жоқ болған соң адасатын кезі көп.  
Адамдардың жүргегіне мұн қадап,  
Надандардың сап беретін сөзіне от.

Мына тірлік – құнсыз тірлік керексіз,  
Басы қайда, соны қайда дерексіз.  
Елі үшін жаратылып мәрт кеуде,  
Оқ атылып өлеңтүғын себепсіз.

Мына тірлік – тым меніреу таскерен,  
Сол себепті тіл қатпауды хош көрем.  
Үнсіздікten оның түгі кетпейді,  
Тілсіздікten кете қоймас ештенем.

Мына тірлік – жауабы жоқ сан сұрақ,  
Сан сұрақтың астарында бар сынак.  
Біреулердің соры көп боп бес елі,  
Ал біреуге бүйіраратын тамшы бақ.

406-1  
17082

Мына тірлік әділетті емес тым,  
Бірде сорлап, бірде жүртпен теңестің.  
Сәл ғана күт!  
Сабыр етші, бауырлар,  
Ешқайсысың бұл дүниелік емессің...

Мен де солай...  
Бұл дүниелік емеспін....

### **ЕРТЕГІ**

Балалық кез аңғалдықпен дос қылған,  
Ең төресі сол кез еken бақыттың.  
«Бауырсақты құтқарам!», – деп қасқырдан,  
Май шелпекті біr тұн құшып жатыппын.

Ертегіге алданып қап сенімім,  
Үлкендерге жақпай қалған пиғылым.  
«Мақта қыздың марқайтам!», – деп көңілін,  
Мысығымның кесіп аптын құйрығын.

Жыңғыл болған Шалқұйрығым үркер ме?  
Мен, өйткені, қанық білгем қыр-сырын.  
Ертестік боп елерем деп үлкенге,  
Талай рет бұзылыпты тұмсығым.

Таусоғардай тас арқалап көп күттім,  
Қай жағымнан шабады еken дүшпан кеп?  
Көрші үйдің кемпірінен қорқыппын,  
«Ауызында біr тісі жоқ мыстан», – деп.

Тым ерке едім, кіргені рас кеш есім,  
Сенімінді талай мәрте сенделттім.  
Қарлығаштың қайтарам деп есесін,  
Айдаһарды күтуменен ер жеттім.

Арманым да адастырар көп еді,  
Жүрегімде қалып қойған таңба бол.  
Тазша бала бола алмадым, себебі,  
Өтірікті айта алмадым қанда жок.

...Алла берген басымдағы құтым нық,  
Көрерім көп, сабак болар өткенім.  
Таусуға жақын қалдым, шүкірлік,  
Кеше келген он сегіздің көктемін.

Қындықтар жолығады не түрлі,  
Тәлкегіне салса тағдыр төзermін.  
Мына өмір ертегісі секілді,  
Бала кездे айтатұғын әжемнің.

\* \* \*

*...Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай қайратты,  
Мен жастарға сенемін!*

**Магжан**

Көгеруде көк аспанның астында ел,  
Мына біздей көк түркінің үрпағын,  
Айға қарап ұлыйтұғын қасқыр дер!  
Болмас бала отзында жаспын дер,  
Болар бала он үшінде баспын дер!

Кімдерді ұттық, біз кімдерден ұтылдық?  
Томағасын бек сыпырған қырандай,  
Қанат қомдап, айбаттанып жұтындық.  
Е, қазағым,  
Он үшінде баспын дейтін ұлдарың,  
Жетерлік қой, шүкірлік!

Өзегелерге бас имейтін өр едік,  
Айтқан елге бітім қып,  
Қара қылды қак жаардай төрелік.  
Сене білген хақ ұлға,  
Он жетіге енді келген шағында,  
Абылайды ақ киізге көтеріп,  
Хан сайлаған ел едік!

Одан бері,  
Елдің көшін, ұлттың көшін түзедік.  
Жақсыларға сырласатын жақын дос,  
Жамандарға алынбайтын құз едік.  
Он жеті жасқа толғанда,  
Арыстандай ақырған,  
Жын-перісін шақырған,  
Контайшының мысын басқан мұдіртіп,  
Қазыбекті туған халық – біз едік!

Махамбет бабам айтпакшы,  
Шашақты найза қолға алыш,  
Құні-тұні толғанып,  
Арғымақ мініп «Алла!», – деп,  
«Тәңірім, өзің қолда!», – деп,  
Он бесінде ат мініп,  
Еңкеу-енкеу шаптырып,  
Қанын ішкен жауының,  
Ақылдың тасқан кемелі,  
Қабанбай біздің ер еді!

Әлқисса!  
Елінің арын, намысын ердің ту еткен,  
Қарсы шапқан жауы менен дүшпанның,  
Айбаты мен күш-жігерін құм еткен.

Елі үшін жылаған,  
Көзінің жасын бұлаған,  
Елін жәннәт – жұмак қып,  
Ал ұлдарын өр қылып,  
Арлы қызын үр еткен,  
Үбіс бабам жасында,  
Алмас қыльш асынып,  
Ниязын елге көп салған,  
Қоқанның қанын су еткен!

Қасқыр согатын қырандай ұлың тұлесін,  
Ғылымына барша әлемнің,  
Жиырмасында қосқан үлесін!  
Отызында бек өксітіп қазағын,  
Ардақтаған өз елі,  
Шоқан деген – ұлы есім!

Қолын созған көкте тұрған арманға,  
Жүргінде иман менен ар барда.  
Жиырмасында жалындаған алау боп,  
Коммунистік жастарға,  
Орак, балға таңбаланған жалау боп,  
Сырда туған  
Арда туған Ганиды,  
Білмейтүғын жан бар ма?

Текті ұл ек үлкен сөзін тындаған,  
Талайлардың қуәсі ғой бұл далам.  
Жиырма бес дейтін жасында,  
Лайықты іс қылып,  
Кеудесі алтын хас ұлға,  
Немістің сөккен іргесін,  
Анамның арда әкесі,  
Өзімнің асқар аташым,

Әдисті жырласам,  
Қой деп айтар кім маған?

Үміттің отын жандырған,  
Жырлағанда тұні өтіп, күн жетіп,  
Термесімен алтын сарай салдырған.  
Көшеней атты ұлдарың,  
Күміс сынғыр үнімен,  
Құллі әлемді таң қылған.

Үлкен түгіл атын білген жас бала,  
Ей, бауырым, білмей қап елдің арын ластама!  
«Бір тойым бар!», – деп жырлаған ақын ұл –  
Төлегенді білмеу бізге маскара!  
Ай тамсанып, абатына күн күлсін,  
Қазақстан – туған менің Отаным!  
Ұлың саған өз сезімін білдірсін!  
Желтоқсанда ызғарлы,  
Жүректегі алауы,  
Бек еріткен мұздарды,  
Бас көтеріп қыршын жастар шықпаса,  
Ел намысын, еркіндігін ұқпаса,  
Біз осылай жүрер ме едік, кім білсін?!

Шүкір!  
Қайғы жібін, құрсауын да үздірер,  
Хас дұшпанын арқардайын сұзгілер,  
Өзгелерге боданды емес бек еркін,  
Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай қайратты,  
Жастарымен мактанады біздің ел!

Елім болма жас ұрпақтан түнілген,  
Құлагердей хас жүйрік,  
Емес олар қара жолда сүрінген!  
Баяғыдай найза, қылыш жоқ бізде,  
Қаруландық біліммен!

Шындықты айтсақ бабамыздай өрміз де,  
Болашақтың кілтін әкеп бер бізге!  
Ертендері үмітінді ақтайтын,  
Құллі әлем мактайтын,  
Туған тілін, туған ділін,  
Туған елін, туған жерін сатпайтын!  
Үмітінді арт!  
Намысы нық, өршіл ел,  
Сен бізге!!!

\* \* \*

Ей, өмірім!  
Қажытқан жанымды арман-мұнынан,  
Жалт етіп сөнер жалғандығынан,  
Әр бір күніңен зардан күрылған,  
Жалықтым!

Қиялдаң бекер көз ілгенимнен,  
Мұқалып біткен төзімдерінен,  
Ғұмырсыз бұлдыր сезімдерінен,  
Жалықтым!

Мейірімсіз, қатал адамдарынан,  
Сүрінте берер қадамдарынан,  
Сайтани сайқал амалдарынан,  
Жалықтым!

Нәпсілік күйге құмартқаныңнан,  
Жанымды үнсіз жылатқаныңнан,  
Жауапсыз, сансыз сұрақтарыңнан,  
Жалықтым!

Күнәсіз кезімді сағынтыңаныңнан,  
Тәкаппар мұңға бағынтыңаныңнан,  
Құлқынға жанды табынтыңаныңнан,  
Жалықтым!  
Ей, өмірім!

**АГА...**

*(Рымғали Нұргали рухына)*

Күніреніп күй тартты Ұлы Даңа,  
Сарыарқа сол күйінді ұғына ма?  
Дәрісінді есіту бұйырмапты,  
Сол үшін өкінемін бүгін, аға...

Сары белдер Сардарын сағына ма?  
Алла алдында ақ еді арың, аға.  
Жылатып кеткенінде жалпақ жұртты,  
Шалқысыншы жәннәтта жаның, аға...

Шертілмеген бар шығар сырың, аға,  
Айтылмаған кетті ме мұңың, аға?  
«Абыройың ассын!», – деп дұға еттім,  
Мұміндердің ішінде құбылада...

Тал бесігің токтады-ау бесін ауа,  
Дәл мендей бір інінді кешір, аға.  
Айшық қойдым өлеңмен мазарыңа,  
Қолымнан келетіні осы ғана...

Бағаң сенің болмайды жырым, аға,  
Алтыннан артық еді құның, аға.  
Жүректерде жасайсың!  
Күллі Алаштың  
Ардақтаған ардағы – Рым аға!  
Рым аға...

### ҚҰЛШЫЛЫҚ

Таң алды...  
Азаншы дауысын естідім,  
Асфани симфония шығар – бұл.  
Құнахар миымнан ескі мұн  
Ертегі ойларды шыгардым.

Шайтаным жылайды азгарған,  
Періштем нұсқайды намазга.  
Иманың нәпсісі тоздырған,  
Менсіз де бейшара жан аз ба?

Көңілдің не керек тоқтығы,  
Мазамды алады мендік мұн.  
Бір ракат намаздай жоқ құны,  
Фәнидің бағасын енді ұқтым.

Жексүрын ойларды шектер кім,  
Мұндайда ібіліс аяғыш.  
Он тоғыз көктемді өткердім,  
Қалған күн Аллаға аян іс...

...Дүние жалғансың дүрбелең,  
Ақырет таңы рас бір атар.  
Ақылы ертерек кірмеген,  
Кеш, Раббым, құлдыңды құнахар!

Жүрегім күбірлең дұғаны,  
Ей, жаным, сен енді тыншы нық.  
Жанарым еріксіз жылады,  
Сәждеге бас қойдым...  
Құлшылық...

\* \* \*

Жанарымды тұмшаласа тұнық мұн,  
Маралымды таба да алмай қалам ба?  
Күйін кешіп сорлап қалған жігіттің,  
Күйініштің сары алқасын тағам да.

Бас ұрғанда тәуелді бол уақытқа,  
Жасырған ба сағынышын жүрегім?  
Жете де алмай қиялдаған бақытқа,  
Кете де алмай қазығымнан жүрермін.

Бұл өмірде мәңгі тұрман, тегінде,  
Құлагердей қапы кетіп құлармын.  
Ортактасып өкінішке, өлімге,  
Екі көзін қөлдей қылыш жылар кім.

Баса да алмай аяғымды қалмайын,  
Аша да алмай тылсым дүние қақпасын.  
Жібер мені зенгір көкке самғайын,  
Шідерлеулі жырым ғана жоқтасын...

\* \* \*

Сезімім өлген сенделіп кетіп,  
Санамды улап қашпа мұн.  
Емдеші, қане, сен келіп кетіп,  
Шаршадым, Муза, шаршадым.

Жазылмай өмір аппақ парагы,  
Өлімші жанның сүлдесіндемін.  
Жүрегім қашан тоқтап қалады,  
Деген күдікпен күн кешудемін.

Артымнан өксіп қалғандар жылап,  
Кебінім көз боп сол кештен қалды.  
Кім білер мүмкін жалғаннан жырак,  
Кетіп қаламын келмеске мәңгі.

Дүние маған әп айтар мұнды,  
Жалықтым дейді менен де мұлде.  
Жүрегімдегі бар айтарымды,  
Сыйғызып кетем өлеңдеріме.

\* \* \*

Мен ешқашан періштемін дегем жоқ,  
Дей алмаймын, деуіме де себеп жоқ.  
Өлең болып келіп едім өмірге,  
Арманым жоқ кетсем егер өлең бол.

Мен ешкімге жалынғым да келмейді,  
Байлық іздеп сабылғым да келмейді,  
Өлеңімді елім сүйіп оқыса,  
Елі сүйген ақын мәңгі өлмейді.

Мен ешкімді жек көрген де емеспін,  
Мен ешкімге кектенген де емеспін.  
Жалғызыбын деп жасығам жоқ ешқашан,  
Қатарымнан қалғаным жоқ, тең өстім.

Мен ешкімді өкпелете алмаспын,  
Заманымның етегіне жармастым.  
Қадамымнан жаңыламын кей-кейде,  
Азғырғанда сайтан дейтін албастым.

Мен ешкімнен артық едім демеймін,  
Өзім жайлы енді басқа не деймін?  
Бар байлығым Өлең ғана, қыскасы,  
...кедеймін...

\* \* \*

...Шешіндіріп иманды жалаңаштап,  
Арлы күнім адасып барады ақсап.  
Құбылаға қарап ап мөнірейтін,  
Менен гөрі бақытты-ау қара баспак.

Не берер деп күні ертең Құдай маған,  
Түн ойланам, содан соң күн ойланам.  
Істығында шілденің өлеменбіз,  
Жалынына тозақтың шыдай ма адам?!

Құнахарға Жәннат жақ мұнартқанда,  
Жауап бермей қиналып сұрақтарға.  
Мешіт жаққа тартады періштелер,  
Ал шайтаным бар дейді клубтарға.

Ку дүние сүйремес көшімді ұдай,  
Ес те кетіп есепсіз есірдік-ай.  
Кеш те болса күнәмді мойындаймын,  
Құнахар бір құлышынды кешір, Құдай!

...«Ықыласты» жаттатып мүмін аға,  
Өз Раббысын еске алды құлыш дара.  
Таң намазын оқыды алғаш рет,  
Қарап ап құбылаға!  
Аллаху акбар...

\* \* \*

Өз елінсіз ақын бағы жанбаған,  
Ары биік өзің едің арда ағам.  
Тірегіне інілердің айналған,  
Жүргіне сыйып кеткен бар ғалам.

Құліретке табынардай әлдебір,  
Кешіретін бастарынан хал небір.  
Сөздерінен табылатын маржандар,  
Көздерінен төгілетін сәуле-нұр.

Жыртылса да жамау-жамау жағамыз,  
Ешкімге де айтылмаған наламыз.  
Жалған бізді керек қылмас, казақтай,  
Қалың елге қажеттіміз, аға, біз.

\* \* \*

Ку молаға айналған,  
Бабалардың барлығы.  
Ку далаға айналған,  
Қалалардың барлығы.

Ку молаға айналса,  
Ол Құдайдың жарлығы.  
Ку далаға айналса,  
Басқа жазған тағдыры.

Сол моланы сүйемін,  
Үнсіз, мұнды ғазалды.  
Сол даланы сүйемін,  
Күніренген мазарлы.

Сол молада жатқандар,  
Жене алмаған ажалды.  
Жалпағынан басса да,  
Дала жүтқан базарды...  
Дүние – жалған...

\* \* \*

Адам болып келгеннен соң жалғанға,  
Адам болып кеткениң жөн кетерде.  
Пендершілік сайтан іске алданба,  
Онда, достым, өмір сүрдің бекерге.

Өмір осы ақ-қарадан тұратын,  
Қуантады, кейді өксікпен жылатар.  
Өмір – осы босаңсысаң жығатын,  
Кейде сені шалып қалып құлатар.

Ең бастысы, мейірімді бол адамға,  
Тарата біл бар әлемге жылылық.  
Адамшылдық қымбат маған, саған да,  
Бар уақытта болар оның құны нық.

Ал, екінші, құрметтей біл кісіні,  
Инабатың білінсінші ісіңнен.  
Кішкентай деп соға көрме кішіні,  
Жақсы кісі барлық жайды түсінген.

Үшіншісі, адал болғын досына,  
Сатып кетпе қыншылық шақтарда.  
Досың түгіл адал болсан қасына,  
Сенің адап көңіліңе тоқтар ма?!

Төртіншісі, жаманшылық дегенді,  
Тұған түгіл тілемегін пендеге.  
Азаматтар білсін, достым, өренді,  
Жақсылығың көмек етер көрде де.

Бесіншісі, келгенінше шамаңның,  
Көмек еткін міскіндерге елдегі.  
«Жәннәт» – деген үлкен, биік қамалдың,  
Кілті болар жақсы амалың сендері.

Ере көрме шайтан – иттің сөзіне,  
Тозақ болар ертендері айыбың.  
...Адам түгіл құмырсқаның өзіне,  
Жақсылық ет, Алла берер қайырын!

### НЕГЕ?

Мен қайдан келдім, белгісіз,  
Баратын жерім – бұлыштыр.  
Сенімдерім де сенгісіз,  
Сезімім алмас тыным бір.

Өлер ме екенмін, кім білсін,  
Тірілемін бе қайтадан?  
Жалғанның соны – бұлдыр шын,  
Арманның соны – шайпау ән.

Сұрактарым көп жауапсыз,  
Іздеген жандар көп мұлдем.  
Асығамын деп тағатсыз,  
Адасып бәлкім кеттім мен.

Мәңгі емес мәнді ғұмыр да,  
Болса да қанша мың айлан.  
Әлемнің кілті ғылымда,  
Ғылымның кілті Құдайдан.

Адамбыз дейсің барлығын,  
Ал адам өзі кім екен?  
Мандайға жазған тағдырын,  
Құбыладағы Құдекен.


Өмірге терең үңілдік,  
Таппадық жанға нәсіп түк.  
Тәнірге қарай жүгірдік,  
Қабірге қарай асықтық...  
Неге?..

### ТЫНЫС БЕЛГІСІ

Теперіш көп көрмесем де тағдырдан,  
Күнәсі жоқ қиялым бар қанғырған.  
Өмір жолым бастағанда бақытқа,  
Сұрау белгі шыға келеді алдымнан.

Корқып мұз боп қалтырайды ми денем,  
Сұрақтарға сыр айтпауды үйренем.  
Куаныштың лебі есетін бойынан,  
Леп белгісін сағынамын кейде мен.

Алға қарай жүзер болса нық кемем,  
Болашақтан бір бақытты күткен ем.  
Жазуға емес Өмір деген кітапқа,  
Мен қорқамын қойылатын нүктеден.



Жетектесе желік көпке жетемін,  
Татып көрем балы менен шекерін.  
Үлбіреген үмітімді мұңайтып,  
Үтірлерге үрке қарап не етемін?..

...Күйім осы, түсін, мейлі түсінбе,  
Кей сәттерде адасамын түсімде.  
Тырнақшаға тағдырымды табыстап,  
Қалып қоям жақшалардың ішінде.  
Бір күні...

\* \* \*

Келеді түбі бір өлім,  
Себебін менен сұрама.  
Күллі әлем сыйған жүргегім,  
Табытқа сыймас сірә да.

Қайғыға бастап нала-мұн,  
Жылыстап өткен күндермен.  
Түсімде өліп қаламын,  
Өнімде тірі жүргенмен.

Өмірдің өзі алдамшы,  
Көңілдің қайтем тоқтығын.  
Жалғанның соны – заңғар шың,  
Ал оған шыққан жоқ бүтін.

Откеніме еш өкпем жоқ,  
Келер күн аян Аллаға.  
Куанышым жетер көктем боп,  
Жұбанышым да сол ғана.

Жанымның сырын шертем де,  
(Бақыттың қайда бал дәмі?)  
Өзімді қойшы, ертеңге,  
Олеңім жетсе болғаны.

\* \* \*

Ағайын дей алмадым қын хәлім,  
Омірдің сүріп жүрміз бұйырғанын.  
Аллаға шүкір еттім, міне бұгін,  
Есігіне сәл қалдым жиырманың.

Жүргіме сыйдырдым сары даласын,  
Айбынды елім имеген ханға басын.  
Олеңіме оқырман болсаңыздар,  
Төгерім әлі де алда, арда Алашым.

Құлап көрдім өмірде, сынақ көрдім,  
Жылап көрдім, сен елім қуат бердің.  
Өзгеге емес өзіме аян болған,  
Оміріме өкпем жоқ бірақ менің!

## ОЙ

Азан-қазан көше бойы тынымсыз,  
Бұл пенделер асығады неге осы?  
Көз алдыма көп келеді жұғымсыз,  
Балалық шақ тәтті кездің елесі.

Асыққанмен мақсатына жетер кім?  
Ажал деген тосып алар алдында.  
Тек елесін сыйға тартқан әкемнің,  
Қандай өкпе айта аламын тағдырға?

Бұл ажалға карсы келер жан бар ма?  
Төмпешік боп қара жерде қаласын.  
Тәтем де өткен нәлет айтып жалғанға,  
Мектепке де апара алмай баласын.

Кеткендерден ал әзірше жоқ дерек,  
Ажал деген бұл адамды аяр ма?  
Жыламадым сүм тағдырға өкпелеп,  
Атамды әкеп қабіріне қоярда.

Жүргегіме сыйлап ауыр мазар мұн,  
Өлім деген жалмауызға сот бар ма?  
Топырак шашқам мен артына ажалдың,  
Әжемді алып кетіп бара жатқанда.

*P.S*

...Жене алмаған еш бір адам өлімді,  
Егер женсе не болады? Жә, құрсын.  
Жалмағанда арыс кеуде ерінді,  
Ал ол біздей байғұстарды не қылсын?

Тұрағым боп тұрған кезде жұмыр жер,  
Өкпелеуім «үкімсізге» бекерлік.  
Кешір Алла, тым болмаса ғұмыр бер,  
Жақсы істерді жасауыма жетерлік.

## АРСЫЗДЫҢ КҮНІН АРЫҢДЫ БЫЛГАП ТОЙЛАМА!

Бұрын қандай ең, қазағым, айтшы, затың кім?  
Ұлысы болған иманды ақын-батырдың.  
Ал бүгін елім шайтани іске шатылдың.  
Қасиетсіз күнін мереке қылыш кәпірдің,  
Бірінді-бірінді күнә жолына шақырдың.

Үйдегі барлық үлкен-кішіге сый адам,  
Женгеме сый қып дәл осы күні кей ағам.  
Үлгісі болар балапанға ұшар ұядан.  
Ақ махаббаттың құрбаны болған кешегі,  
Қыз-Жібек, Баян әруактарынан ұялам.

Тәрбие болған жалғасып келген ғасырдан,  
Қылыштыларым сезімін жұрттан жасырған.  
Ал бүгін, елім, некесіз ары ашылған.  
Ұл менен қызың ұялмай үлкен-кішіден,  
Көшені кезіп біріне-бірі асылған.

Қызында қазір қызығатұғын жоқ қылыш,  
Ұлдарың – қанден, бөрі емес қарар көкке ұлып.  
Жүректен өшкен бабадан қалған оттылық.  
Некесіз туған, күнәға батқан ұрпақтан,  
Қателік болар табылар деуің тектілік.

Күздей қып сорып солдыратұғын көктемді,  
Көктемнен қалған қуаныш па еken көп белгі?  
Мұсылман деген кәпірдің ісін жек көрді.

Арсыздың күнін арыңды былғап тойлама,  
Жастарым менің ойланатұғын шақ келді!

\* \* \*

Көз ілсем,  
Сен жайлы тым тәтті түс көрем,  
Енді ұқтым, бала екем жел өкпе,  
Емшегі шешенің аузынан түспеген.  
Туған жер!  
Мен саған жеткім кеп тезірек,  
Отарбаларды,  
Жиырма вагонымен қосып,  
Сүйреп келемін «Сағыныш» – дейтін құшпенен.

Қаланың тым жұмбақ тұндері  
Күндері күніреніп өтетін хас жауым, дұшпандаі  
Ауасы тарылтып  
Арылтып бақыттан жанымды қыскандай.  
Аязы ақырып,  
Шақырып қорқыныш мәхрүқ мыстандай.  
Қанатым жоқ менің,  
Туған жер!  
Мен саған ұшып-ак жетер ем құстардай.

Тұсімде, ішінде қап қойып елеңтің,  
Белгісіз, сенгісіз,  
Миымның төрінде көз ілген сезіммен егестім.  
Жан-жактан жұлмалап,  
Ку тірлік оятқан ойларға арбалып,  
Жүрсемде мен сені есімнен шығарған емеспін.  
Туған жер!  
Ал мұнда,  
Дәл сендей шашымнан иіскең,  
Басымнан сипаған жоқ әлі мені ешкім!

Терезе ар жағы тас-түнек қаранды,  
Нұр емес мұң сыйлап,  
Жасқантып жанарды.  
Жұпарлы жусанның ісі,  
Мұрынды жарады, дел-сал қып санамды.  
Ұшырып кеудеден,  
Шөлдеген тек саған сан әнді.  
Тұған жер!  
Бауырыңа басшы бір,  
Сені ансан, сағынған баланды!

### АҚҚЫРТАУ

Аққыртау, аппақ қырқа сайын далам,  
Кұдайы ырзығынан айырмаған.  
Жусаныңа жұпарлы аунап өскен,  
Шаңырағыңа бас иді шайыр балаң.

Аққыртау, аппақ өлке адыр мекен,  
Мандайыңа бақ жазған Тәңір бекем.  
Ата сақал аузында шалдар түгіл,  
Алты жасар ұлың да қадірлі екен.

Аққыртау, сырларың көп ақтармаған,  
Қойнында дүшпан жатқан аттандадаған.  
Топырағында Күренін кісінетіп,  
Жотанда жауға қарай жортқан бабам.

Аққыртау, құлаш құшақ киелі аймақ,  
Майлыөзек ақ жағаңды сүйеді ойнап.  
Сабадан сарқа ішкен сары қымыз,  
Абадан аталарым бие байлап.

Акқыртау, Жалғыздебе, шағыл құмдар,  
Шағыл құмды шөктірді сағым жылдар.  
Биіктегі сексеуіл кешкен ғасыр,  
Бейіттегі шалдарды сағындыңдар...

Акқыртау...

\* \* \*

Он күндей қатты ауырдым,  
Таппады емін әді ешкім.  
Біресе саумын, тәуірмін,  
Біресе дертпен егестім.

Доктырлар содан бекінді,  
Емдеуге мені дұрыстап.  
Инелер салды не түрлі,  
Дәрілер іштім уыстап.

Тамақтан деді ұшынған,  
Шешімі болды ақырғы.  
Ем-домы конбай ұсынған,  
Тамыршы шалды шакырды.

Тамырымды ұстап ойлап нық,  
Деді шал: тэтті күйге ену.  
Дертіңнің аты – бойдақтық,  
Емделу жолы – үйлену!

## ӘЛДИ

Өзегімде өзеурейді неге тұн?  
Сол тұніме арбалады қарашиқ.  
Көзмөншақтар сәтін сезіп өлеңін,  
Кірпігіме жармасады таласып.

Ай қарайды аңтарылып төбемнен,  
Бара алмаймын шакырғанмен жүлдышдар.  
Себебі сол, аппақ нұрға бөлентген,  
Жер бетінде мені күткен бір қыз бар.

Үміт тіктеп көтереді еңсені,  
Куәсі ме келер күннің бұлыңғыр?  
Сол қыз еді ғұмырымның өлшемі,  
Құрсағында тербетіліп ұлым жүр.

Әлди!  
Әлди!  
Әлди, құлымым!

## **ЖАСТЫҒЫМДЫ ҰРЛАП КЕТТІ КЕШЕ КҮЗ...**

Жастығымды ұрлап кетті кеше күз,  
Мастығымды тарқата алмай жүргенде.  
Әмір – жұмбак, оны қашан шешеміз?  
Оңай шығар білгенге.

Көрге барып топыракта ал тыным,  
Тірлік деген – тек ілесу сағымға.  
Жастық деген – жасау екен, жарқыным,  
Куат-күштің барында.

Амалсыздан ауыр ойға тұншығып,  
Желісіне жақын маңда құлын жүр.  
Содан кейін қалған жұмыс – күрсіну,  
Арғы жағы бұлыштырып.

Біздің бақыт бедерлеу ме өткенді?  
Қайта келу мүмкін емес сірә да.  
Өткенінен қалып қойса көп белгі,  
Еске алуды сұрама.

Сағыну ма сонда тапқан ермегің?  
Жастығыңды қадірлей біл, қадірлім.  
Ол өткен соң қалған ғұмыр – сенделу,  
Бұйыртқаны Тәңірдің.

\* \* \*

Біздің қоғам «алтын қоғам» десек те,  
Барлық нәрсе сатылады ақшага.  
Содан өмір құрылады есепке,  
Өркениет есігінді қақса да.

Кім айтты екен төмендегі байламды,  
Мүмкін ол да ақшасымен бағы асқан.  
«Ақсүйек» деп атап жүрміз байларды,  
Ку дүниеде қу сүйекке таласқан.

Жазығы жоқ солай деген ел кеше,  
Тарих куә бүгін жеткен сазды үні.  
«Қара сүйек» – кедей болды ендеше,  
Бар кінәсі – байлығының аздығы.

Көрген жанды есін алыш таң қылар,  
Кереметі болары рас адамның.  
Мың құбылтып айтқаныңмен дәл бұлар,  
Өлшемі ғой өткен арғы заманның.

Бай дегенде шіренгендер елестеп,  
Әр ісінің аяғынан құт андар.  
Білесіз бе, алтыны аздар емес тек,  
Нағыз кедей – рухани жұтандар.

Дегеніңмен келер істің бәрі алда,  
Артта қалған есте дейсің қай күнің?  
Жиғаныңмен емес біздің қоғамда,  
Иманыңмен өлшенеді байлығың.

Мұнан кейін мен де біраз ойландым,  
Сен де ойлан, алсаң жарап тағылым.

Кедей емес қатарынан байлардың,  
Көрінуге жазсын бізді Тәңірім!

\* \* \*

Құранның сүресіндей оқып қойған,  
Зулап кетіп барады уақыт қайран.  
Елің тыныш, болмаса жұртың аман,  
Басыңа кеп қонады бакыт қайдан?

Асулардан адаспай өттің анық,  
Аз қайғырып, ғұмыр кеш көп қуанып.  
Ақырында п келгенше ақырзаман,  
Сен аман бол Қазақтай текті халық!

\* \* \*

Ұғынады харам істі ел неге,  
Зымырады қөкте ұшқан құстай күн.  
Тығылады адам бір күн көрге де,  
Жығылады, мәңгі емес күшті айбын.  
Сұғынады харам тапқан теңгеге,  
Құнығады дегендей жер құшпаймын.  
Құмыраны қолға алмаған пендеге,  
Құбыланы қалай ғана нұскаймын?..

### КҮТІП АЛ МЕҢІ...

Алыстаса да күндерім нұрға бөлениген,  
Мен сені, жаным, жебеп жүремін өлеңмен.  
Сен күлсөң күлем, біліп қой, қарғам, бар кезде,  
Жұлдызың болып жымыңдаң тұрам төбенмен.

Жанымда мұң бар, ал оны айтшы ұғар кім?  
Мен сені, сәулем, ұмыта алмайтын шығармын.  
Өшпейсің мәңгі, менімен бірге жасайсын,  
Қайырмасы боп қеудемде тұнған бір әннің.

Тәнімді тонап, жанымды мұжіп талай мұн,  
Талай мұңыма сағынышымды әкеп жамаймын.  
Қараңғы тұнек торлаған мына жүрекке,  
Нұрынды қүйдің, шуагыңды төктің, арайлым.

Бір болған кездер не деген шәрбәт, тәтті күн,  
Тәтті күндерден жұрнақ та, міне, жок бүгін.  
Қараңғы тұннің құшагына еніп сен жүрсен,  
Айың боп мәңгі аймалап тұрам, ақ гүлім.

Құтылам қалай, құрғыр-ай, мына тұнектен?  
Күндерім қайда, сезімнен жүрек дір еткен?  
Самал жел келіп зар қылып әнді ағытса,  
Мен деп білерсің, сағынып сені жыр еткен.

Болды ма білмен, алдында сенің кінэм шын,  
Бар сырын айтып жүрегім сәл-пәл жұбансын.  
Ақша бұлтардан мөлдіреп моншақ тамғанда,  
Сағынып сені жылаған мен деп ұғарсың.

Жанымда жоқсың, жанымның сырын айтар ем,  
Сол сәтте менің сағынышымды байқар ең.  
Қызғалдақ ғұлім қауызын ашқан тым ерте,  
Желге үшым кетпе келгенше саған қайта мен.

Сен ақкуым ең сынарга жалғыз балаған,  
Өзінді сүйген жүректі қайғы тонаған.  
Ұмытпа мені, тек күдерінді үзбеші,  
Бақытың болып өзіңе қайта оралам  
Ішімде жатқан ішкүса сырды білер кім,  
Жанарыма кеп қайғы тағады жүдеу күн.

Күтіп ал мені,  
Бір күні барам сен жаққа,  
Ерттеп мініп сағыныштың сары күренін...  
Күтіп ал мені!!!

### **ӨЗІҢЕ ОБАЛЫ...**

Жүректе көп жара, мол қайғым,  
Мен бірак дәл ондай болмаймын.  
Өкініп қалмасаң жарап ед,  
Қолыңа қайтадан конбаймын.

Сен мені жанынмен түсінгін,  
Бал емес уынды ұсындын.  
Бақ құсын орнаған басына,  
Әй, бірак, үркітіп ұшырдын.

Баласың,  
Мен үшін сол қайғы,  
Көрерсің,  
Тағдырың алдайды.  
Сен үшін мен – пенде, мен үшін –  
дәл сендей өзге ешкім болмайды.

Су алып көнілде аралым,  
Кінәні мен кімге тағамын?  
Қасынан кеткенде қия алмай,  
Жаутаңдап қалып ед жанарың.

Өмір – қарт сүйреткен таяғын,  
Шынында мен сені аядым.  
Кешегі бастаған сөзінің,  
Үтірмен қойып ең аяғын.

Әлі де басқаға ұнарсың,  
Біздегі бұл хәлді ұтарсың.  
Мен тартқан азаптың кесірі,  
Бір күні мені ойладап жыларсың.

Карағым,  
Бар шығар білгенің,  
Сырласым, мұндастым – жыр менің.  
Ақынның жүрегі – шыныдан,  
Жылатсан, сынарын білмедің.

Таусылды ағаңның амалы,  
Асқыннтың жазылмас жараны.  
Жүрегім қансырап жылап тұр,  
Басқа емес...  
Өзиңе обалы...

## **АЙНАЛДЫМ**

Жанарыңнан айналдым, тамағыңнан,  
Қабағыңнан айналдым, қадамыңнан.  
Жүзің жылы болғанмен, ал мен үшін,  
Жүректегі алынбас қамалың нән.

Кірпігіңнен айналдым, көздеріңнен,  
Ерініңнен айналдым, сөздеріңнен.  
Дым білмейтін кісідей жүре бердің,  
Сені сүйер жан барын сезгеніңмен.

Шашыңнан да айналдым, шашбауыңнан,  
Сөздеріңе елітіп мас та болғам.  
Есім кетіп жүргенде еміреніп,  
Қара басты қасқитып тасқа да ұрғам.

Жүзігіңнен айналдым, саусағыңнан,  
Жаратылған иұр бейнең бал сағымнан.  
Көзімді жұма алмаймын қорқа берем,  
«Айырылып қалам ба?», – деп ансараймнан.

Айналайын өзіннен, айналайын...

### СЕН МЕҢІ...

Сен мені ұға алмадың,  
Есімнен шығармадым.  
Өзіңе колым жетпес,  
Ісін-ай бір Алланың.

Сен мені сүйе алмадың,  
Күлкіңмен жиі алдадың.  
«Басқамен кестем!», – дейсің,  
Сені оған қия алмадым.

Сен мені құша алмадың,  
Көркіңмен тұсаудың.  
Канаты талған құстай,  
Сен жаққа ұша алмадым.

Сен мені жылаттың-ау,  
Сүюге құмарттың-ау.  
Сезімнің құз-жарынан,  
Итеріп құлаттың-ау.

Сен мен алдағансың,  
Өзіңе зар боғам шын.  
Басқаға – жай адамсың,  
Мен үшін – арман әнсің.

## **ҰМЫТПАССЫН**

Қанша жанды ұнатсам да ғашық боп,  
Бір өзіңе жетпейді екен бірақ та.  
Қайран көңіл, қайран сезім, ғашықтық,  
Жауап іздер көзіндегі сұраққа.

Мінгесіп ап тұлпарына арманның,  
Бірге жетсек қиялдаған бақытқа.  
Құз-жарынан қағып алам жалғанның,  
Абайсызда тайып кеткен уақытта.

Біреулерге сыры ішінде камалсың,  
Алынбайтын, ашылмайтын мәңгілік.  
Мың құбылып өзгерсе де заман шын,  
Мен өзінді ұнатқанмын заңдылық.

Күнірекен қара түнек бақтарда,  
Бек, қызырып атпас мүмкін құба тан.  
Көңіліңе қаяу түскен шақтарда,  
Самал болып әлди айтып жұбатам.

Бар жігіттің бар сырына қанық пе ен?  
Өтінерім тек өзіңен абыла.  
Ақ жауынның тамшылары болып мен,  
Шаштарыңнан иіскейін жарай ма?!

Сағыныштың сары алқасын тағынып,  
Араларсың арманыңның аралын.  
Бір өзінді күтстүғын сағынып,  
Мына мені ұмытпассың, қарағым.

### СЕНІ ОЙЛАСАМ...

Сені ойласам сейілгендей бар мұңым,  
Ал мен байғұс құр сұлдері жарлымын.  
Қиялымды қорлап, таптап құр елес,  
Арманымды мың ораған тағдырым.

Сені ойласам оянғандай жыр – үміт,  
Жүрек жырға кеткендей-ау құнығып.  
Арман, арман қанат қағар сол сәтте,  
Жатқан қиял арасына тығылыш.

Сені ойласам кетемін-ау бек еріп,  
Көрсете алсам жаарар еді өрелік.  
Өзіңменен бірге болған күндерім.  
Болады екен, айтшы маған, неге үмыйт?!

### САРЫ ҚЫЗ-АУ...

Сары өріктей уылжып ең күздегі,  
Бірақ, қолым бұтасынан үзбеді.  
Қиялымса, шабытыма ақ қанат,  
Бітіргендей құшақтағы қыз демі.

Сары күздей сағыныш ең сары орман,  
Сап-сары алтын сағынышқа оранған.  
Сары қыз-ау, дәл мендегі сағыныш,  
Мына сенің сезімінен жаралған.

Жүрегіме қуат беріп мың үміт,  
Мың үміттен үркек қайғым тығылыш.  
Сары қыз-ау, сары күннің нұрындай,  
Таратқансың жүрегіме жылыштық.

Көңілде мұз, ал, қабақта көк қырау,  
Дегенім жоқ арманымға жеттім-ау.  
Сары қауынның тілігіндей ерініңен,  
Сары қыз-ай, бір сүйе алмай кеттім-ау.

\* \* \*

Сүйген жігіттің айтатын саған назы бар,  
Бұл жүрегімде сезімнің аппақ сазы бар.  
Сағыныш дерті қу жанды жеді жегідей,  
Өзің кеп енді жазып ал.

Алыста жүріп жүрек үнімді сезбессің,  
Өзің деп соққан жүрегім қалай өзгерсін.  
Ақ көгрешінім ақ арман болған қол жетпес,  
Қолымнан қашан жем жерсің.

Сен мені ойлап сенделіп, жаным, жүрмісің,  
Жырымның саған ұсынам, еркем, нұрлысың.  
Үш күннен кейін көктем келеді, сен маған,  
Оралармысың жыл құсым?

\* \* \*

Санамды улады бал сағым,  
Жүректе қанша жыр, қанша мұн.  
Өзіңді, аппағым, аңсадым,  
Шаршадым, шаршадым, шаршадым...

Жанымды мазалап лағыл мұн,  
Жартысы сен едің жанымның.  
Пәктігі өзіңсің арымның,  
Сағындым, сағындым, сағындым...  
Мен жіпсіз өзіңе байландым,  
Көркіңе ай сүйген тойған кім?

Ерекең айтқандай итіңе,  
Айналдым, айналдым, айналдым...  
Жарық қыл жанымның түнегін,  
Тек мен деп соқсыншы жүргегін.  
Үмітім үзілмес деп сенем,  
Жібегім...

\* \* \*

Сағым боп қолынды бұлғатсан, көкем,  
Жүректе жанған сезім туласын.  
Орамалың боп құрғатсам екен,  
Моншақ боп тамған көзіннің жасын.

Соңынан сенің қарайлап қалсам,  
Бағыңда орал аңсаған құсым.  
Ауылыңа сенің Абай боп барсам,  
Тоғжан боп мені қарсы алармысың?!

### НАЗ

Жаспыш ғой жүргегінде жалыны бар,  
Өмірдің өлшеп бермес тәлімін ал.  
Ақын жанның, құрбыжан, біле білсен,  
Сұлулық атаулыға жаны құмар.

Тұнереді бұл өмір жүзі бұлттай,  
Мына менің жанымның сырын ұққай.  
Үр қызындай үстемдік еттің, еркем,  
Жүрегімнің ішінде жұдырықтай.

Жаның асыл, қарасам, арың асыл,  
Сөз айтқам ғой өлеңге жарығасын.  
Өтінерім тек сенен бір-ақ нәрсе,  
Дұрыс ұққын сөзімнің мағынасын.

Жастық шақ өтер, кетер күндер ерек,  
Жүректі әлди әнгे кім бөлемек?  
Қазақтың мәрт жігіті бағың болып,  
Бақыттан басың айналсын шыр көбелек!

**МЕНІ ДЕ АҢСА...**

Сүрініп кетіп құлағанымда  
Өмірге налып жылағанымда  
Қалып қойғанда мұң аралында  
Сені аңсағанмын.

Сағым боғ арман самсағанында  
Қамалған сэтте қаншама мұңға  
Қалжырап, құлап шаршағанымда  
Сені аңсағанмын.

Өмірден тұніліп безінгенімде  
Шерменде күйде көз ілгенімде  
Фәнидің жалғанын сезінгенімде  
Сені аңсағанмын.

Аяқты шынжыр тұсаулағанында  
Құс болып көкке ұша алмағанымда  
Үр қызын өңімде құша алмағанымда  
Сені аңсағанмын.

Уайымнан моншақ тағынғанында  
Құлықсыз күйге салынғанында  
Сарылып күтіп сағынғанында  
Мені де аңса...

## СҮЙДІМ

Сөзінді сүйдім сырмақтай сырып бастаған,  
Әйтеуір, білмен, жылы сөзіңе мастанам.  
Барлық сырымды ақтарып салғым келеді-ак,  
Мен, бірақ, сенен шынына керек жасқанам.

Жүзінді сүйдім алмадайын-ак қызарған,  
Алманы кімдер рұқсатын алмай үзе алған?  
Ақ жүрегіме айдайын нұрын шашсыншы,  
Көкірегіндегі гүл атқан жаңа қыз-арман.

Шашыңды сүйдім аумаған бейне толқыннан,  
Иіліп келіп екі иығыңа артылған.  
Бек бүйраланған шашыңа, шіркін, сыйыпты-ау,  
Мен шын бір сүйген болмысы бөлек бар тұлған.

Көзінді сүйдім нұрланып маған қараған,  
Кеудемді білсен, кос жанарың ғой тонаған.  
Мен асылында бақытты екем қарағым,  
Көз тастап сенің бір қарауыңа жараған.

Өзінді сүйдім...  
Бірақ...

### **ЖОЛЫҚТЫҢ НЕГЕ МАҒАН?**

Қарагым-ай, жолықтың неге маған?  
Қалмады-ау жан-жағымда сенер адам.  
Жо-жоқ, енді кезікпе, көрме мені,  
Өлейін тұрган кездे өрем аман.

Жарығым-ай, жалт еттің, бір қарадың,  
Жаныма жанарынан гүл қададың.  
Сөз айтсам күлуші едің жай жымыш,  
Сыңғырлап құлағында сырғаларың.

Аппак гүлім, ай нұрым, көгершінім,  
Мен бір жүрген ақымақ өлеңшімін.  
Гүлге қонған бәйек боп бал арадай,  
Жиғым келер жаныма сенен шырын.

\* \* \*

Ұшығын шығарғандай бір акпардың,  
Сіз жайлы мен де біраз сыр ақтардым.  
Сөзіңіз сыйбыры ма тал-шыбықтың?  
Күлкіңіз әні ме еді бұлактардың?

Ұғасыз деп ойлаймын жүрек күйін,  
Ендеңе үмітімді жүдетпейін.  
Кірпігіңіз қарлығаштың қанатындей,  
Шашыныз үлбірейді жібектейін.

Кең етек тәніңізге үйіліп бір,  
Көйлегіңіз әдемі құйылып тұр.  
Қызыл екен ерініңіз шиедейін,  
Қастарыңыз қияқтай қылышп тұр.

Жігіттер шешім қылар қандай бекем?  
Сіз жайлы талай сері ойлайды еken.  
Ай нұры аймалаған ақ жүзіңіз,  
Бір суюге ансаттырмай қоймайды еken.

Желік беріп жүрекке қиялдарым,  
Өзіңізге жетелеп ксій арманым.  
Сырыңыз тұнып тұрган айнам көзді,  
Кірпікпен жасыруға қия алмадым.

Келбетіңіз көрікті-ау! Қарай қалдым.  
Қайырмасы өзіңіз арайлы әннің.  
Сіздей жан табылар ма іздегенге?  
Болдыңыз ба арманы талайлардың?

Айналған Баяндардың жалғасына,  
Сіздей жан келмейді ғой жан басына.  
Беу, дүние, сізді сүйген жігіттердің,  
Орындалар арманы бар ма, сірә?

### НЕГЕ?

Жүргізбей екі аяғымды,  
Қайғының оты тұсаған.  
Еліктей ерке Баянымды,  
Тұсімде ғана күша алам.  
Неге?

Жанымды жеген жүдесу мұн еді,  
Бар қиялымды тонаған.  
Тек сені жаным жүрегімдегі,  
Тұңғиықтан ғана таба алам.  
Неге?

### **СЕҢІ ҰНАТТЫМ**

Сені ұнаттым сергелден күйде жүріп,  
Күдік күнді күтуден именді үміт.  
Сүрініп тар қапаста қалып қойды,  
Өзінді бұрынырақ сүйген жігіт.

Тамсандырып неліктен күр алдадым,  
Солдырып алдым, білем, гүл арманын.  
Бір кінәмді алдыңда мойындеймын,  
Ұға алмадым сырынды, ұға алмадым.

Әр сезімде болмай ма тұрақтылық?  
Жатқан шығар кеуденде сұрақ тұнып.  
Кешірімді сұрадым жылап тұрып,  
Екеумізге келгенде, айтшы, неге?  
Тозақ ашық, күрғыр-ай, жұмақ құлып.

Сезім-дауыл жері бар ма шайқамаған?  
(Киялдан қанат қағып ой тараған).  
Мен қанша өкінсемде өткен іске,  
Оралар ма екенсің қайта маған?..

### **МҰҒАЛИМА АПАЙЫМ**

Сұлулар көп ақынға жыр жаздырған,  
Күлкісімен жігіттерді мәз қылған.  
Шабаздардың бірі едік жарықтық,  
Қызы біткеннің дарбазасын тоздырған.

Дәу де болсақ ойнап жүріп ләңгімен,  
Қап-қара боп жазда талай қаңғып ем.  
Қыркүйекте біз келгенде мектепте,  
Жас мұғалім көбейіпті, ал, кілең.

Сол апайлар сұлу еді шынымен,  
Біраз уақыт беймаза боп жүріп ем.  
Жаңа келген мұғалима апайлар,  
Әй, жарықтық, бірі өтеді бірінен.

Әрбір таңым апайды ойлап атса нақ,  
Қызғанғаннан жанарымнан жас тамад.  
Жүруші едім амандасса мектепте,  
Ауыз сөзін жүрекке нұр, бақ санап.

Басын ашып алғандай-ақ бір істің,  
Сезімімді өлеңіммен ұғыстым.  
Келгеннен соң отыра қап мен бірден,  
Ғашығыма жыр жазуға кірестім.

Сол шақ шабыт өрге қарай өрлеген,  
Жырым шықты сөздеріммен зерлеген.  
«Сүйдім, күйдім», – деп басталған өлеңім,  
Аяқталды: «Үйленеміз», – деуменен.

Тұскеннен соң өмір атты сүрлеуге,  
Фәни бізге барлық жүгін тендеуде.  
Айлар өтті, жылдар өтті қас қағым,  
Жігіт болдық сөзі мығым, өр кеуде.

Ғашық болсаң күйімді бұл ұғар ең,  
Әдемілік, сұлулыққа құмар ем.  
Сол кездегі өлеңімді бір оқып,  
Өзіме өзім таң қалғанмын мына мен.

Бір өркендең өсіп келем заманмен,  
Ол дегенде қалмайтындаі алар дем.  
Басына бақ, жүрегіне жылдылық,  
Есейген соң тілеп едім оған мен.

Бала көңіл дала кезіп сандалған,  
Шабыт алдым қиялдағы арманнан.  
Менің алғаш сүю жайлы жырларым,  
Мұғалима апайыма арналған!

### **БІР ЖАНМЫН**

Салғаны тағдырдың,  
Күәсі бар күннің.  
Мәңгілік мұңайма,  
Жан құрбым.

Құс болып ұшайын,  
Неге сыр тұсайын.  
Жанымда жақында,  
Құшайын.

Құтем деп сарылдым,  
Аңсаған бағың кім?  
Ерініңнен сүйейін,  
Сағындым.

Жанымның бәрі мұн  
Алдамшы сағымым.  
Жанымды жарық қыл,  
Жарығым.

Жолында жалғанның,  
Өзіңе корғанмын.  
Корықпа, аппағым,  
Мен бармын.

Өмірлік сыңарым,  
Бұралған шынарым.  
Сырыңды козіңен,  
Ұғамын.

Сезімім білінсін,  
Жайқалған гүлімсің.  
Жүректен туатын,  
Жырымсың.

Кімге үміт артамын,  
Өзіңмен әр таңым.  
Жоғалтып алам деп,  
Қорқамын.

Өзінді жырлармын,  
Сөзімді тыңдар кім.  
Дәл сені шын сүйген,  
Бір жанмын.

\* \* \*

Бірге өткен күндерім –  
Ертегі тым қызық өмірден үзінді,  
Басқаға болсақ деп ойлаушы ек біз үлгі.  
Сендегі пәктіктің қыл жібі,  
Өзіме жетпей-ак үзілді.

Мен сені кешпеймін,  
Сондықтан өлердей өзінді жек көрем,  
Біліп жүр, мен үшін өліксін, жоқ көрем.  
Көзіме көрінбе, өтінем,  
Аулақ жүр алыстап тек менен.

Ол рас, мойындаймын,  
Әдемі ақ жүзің керемет көркем ең,  
Жанымды, тәнімді жалын қып өртеп ең.  
Ерініңен дәм татқан, дәл қазір,  
Білмессің, өзімнен жиіркенем.

Санамнан жоғалшы,  
Неліктен сырымды, мұнымды ұрлайсың?  
Желге ұшып кететін тұрақсыз құмдайсың.  
Кірпіктен үзілген тамшы бол,  
Көзімнің жасына тұрмайсың.

Сенсіз де шырқайды,  
Мен сүйген әуенді көңілдің эн құсы,  
Бұл саған арналған жырымның соңғысы.  
Білмедім,  
Мендегі ғашықтық сезімнің,  
Кімге екен қарғысы?!

## ҚОШ МӘҢГІ!

Мен саған ғашық болмағам,  
Сен мені неге ұнаттың?  
Жүргегіндегі арман ән,  
Оттығы-ау сезім – шырақтың.

Ол шырақ әттең жанбады,  
Жасыңмен өзің өшірдің.  
Киялдың тәтті арманы,  
Санамнан сені өшірдім.

Ешқашан мені ойлама,  
Бағымын қазір бөтеннің.  
Аман жүр енді қайда да,  
Шұтыласы түнек бөтен күн.

Аймалап айтар сөзіннің,  
Қажеті енді шамалы.  
Құрбаны болдым сезімнің,  
Сезбейсің, бірақ, сен әлі.

Өзіме әттең жетпей-ақ,  
Пердесін үзді-ау періштең.  
Сен үшін қызық көптей-ақ,  
Алайда уын мен ішкем.

Кешіре алмаймын мен сені,  
Жарападың-ау жас жанды.  
Арымдай болған еңселі,  
Періштем, енді қош мәңгі!

### **АППАҚ ҚАР**

Қара қайғы секілденді-ау батпақтар,  
Қайғы салған жүрегімде көп дақ бар.  
Сол дақтарды жуып қане жіберші,  
Бұғін жауған ұлла, мамық аппақ қар.

Жетем деген тіпті үмітім жоқ менде,  
Аппақ арлы, аппақ мінез, ақ кеуде.  
Дәл өзіндей аппақ, шіркін, боп еді,  
Сүйген жаным көз жүгіртсем өткенге.

Ол қазір жоқ, мәңгі кеткен тым алыс,  
Он төрт-ақ күн сыйлап маған қуаныш.  
Жоқ болса да жүректегі суреті,  
Жылап қалған жан дүниеме жұбаныш.

Сергелден қылды сан сұрағы сынақтын,  
Періштемдей бола алады бірақ кім,  
Тек аппақ қар сейілтуші ед қайғымды,  
Әттең, оның ғұмыры да бір-ақ күн...

### **МЕН ӨЛГЕН СОН...**

Сен өзіме пейіліцмен ұнадын,  
Сезімімді селт еткізген шынарым.  
Тым кеш ұқтым мына жалған дүние,  
Қуаныш пен қайғы-мұндан тұрарын.

Қалған жанмын зор қайғыға көміліп,  
Алдан кеткен әу бастан-ақ мені үміт.  
Көрген кезде мен өзінді, елік қызы,  
Есім кетті есуастай еліріп.

Сен дегенде айтылатын ән басқа,  
Сен де мендей сезімінді қорғашта.

Мына өзінді құлай сүйген дәл мені,  
Күлкінменен алдандырсаң болмас па?

Жатқаным жок сені жырга қарық қып,  
Көкірегінді қойған Алла ғәріп қып.  
Біле алмадым мына қысқа ғұмырда,  
Махаббаттан жолым болмад, жарықтық.

Жә, жә, енді, мен де оған не етейін?  
Өлім жайын неге ойлайды көкейім?  
Өнімде емес түсімде-ақ мен сенің,  
Бұрымыңнан иіскең мәңгі өтейін.

...Сырларыма жайып салсам сенер кім?  
Мен өзінді бақыттыма теңермін.  
Бір күндері жынданатын шығармын,  
Елесіне еріп жүріп өлеңнің.  
Басқа басқа, соры қайнаған мен байғұс,  
Махаббаттың уын ішіп өлермін.

Бағың бөлек, сорың бөлек сенің де,  
Дүниеден озарым рас менің де.  
Мен өлген соң тек өзіңдің уыс қып,  
Бұрымыңнан кесіп ора кебінге.  
Тіршілікте қол жетпеген құсымның,  
Шашын иіскең жатайынышы көрімде.

Мен туралы өзің қалай ойлайсын?  
Өмір тәтті, қызығына тоймайсын.  
Мен өлген соң балаңменен бір келіп,  
Қабіріме бір шоқ гүлді қойғайсын.

Күліп тұрсын қақ төбеңнен күн-айың,  
«Кеп тұр!», – демен зиратыма лайым.

Ең болмаса көктасымды сүйіп кет,  
«Сүйген қызын келіп кетті басыма!», –  
деп Алладан сүйіншімді сұрайын...

\* \* \*

Қойшы, күнім, қойшы бәрін, ойланба,  
Біз негізі келе алмадық байламға.  
Білесің бе, бұл махаббат құрғырың,  
Екеумізben жасырынбақ ойнауда.

Мен бе, сен бе біле алмадым сорманда? –  
Жылжымадық алдымызда жар бардай.  
Екеумізді табыстыраң құдірет,  
Жүрегіңе жасырынып қалғандай.

...Әттең, әттең, өле алмаймыз біз бірге,  
Білмей тұрмын бәрін бірден үздің бе.  
Тым болмаса есіңе ап жүр сен мені,  
«Жігіт қой!» – деп, «Мені сүйген кыз күнде».

Мүмкін бірге армандарға жетерміз,  
Колұстасып бұл өмірден өтерміз.  
Кім біледі?  
Біз кездесіп жұмақта,  
Басқаларға үлгі болар ендігі,  
Жұп болармыз екеуміз...

## БҮТІНГІ ТҮН

Бүтінгі түн.

Қырсық шалды-ау ай жарық,  
Бірімізге біріміз,  
Қарап қалдық бір сиқырға байланып.  
Құшағымда сен тұрсын,  
Маған қарап жәудірейсің ойланып.

Бүтінгі түн.

Көше бойы тыныштық,  
Бірімізді біріміз,  
Көзімізбен ептең қана ұғыстық.  
Қаймақ ерін дір-дір етед жасқанып,  
Шықкан демің тым ыстық.

Бүтінгі түн.

Өзге түннен тәттірек,  
Бірімізді біріміз,  
Жоғалтардай құшақтадық каттырек.  
Саусактарым шаштарынды тарауда,  
Жанарымды шарпып жатыр отты леп.

Бүтінгі түн.

Екеумізде мас қалыш,  
Бірімізді біріміз,  
Енді ғана ұғыныса бастадық.  
Омырауынды, тамағынды иіскеп,  
Ал мен тұрмын мастанып.

Бүтінгі түн.

Кайғы-мұңым ортаймақ,  
Бірімізге біріміз,  
Тілімізбен беріп тұрмыз бал қаймақ.

Төбедегі жарты ай,  
Сені менен қызғанады айқайлап.

Бүтінгі тұн.  
Ең дәмдісі көп тұннің,  
Саған қарап,  
Сені аймалап көп тұрдым.  
...Көрші үйдің жаңа піскен алмасын,  
Мен ақыры жеп тындым.

### **АҚ ПАРАҚТА ҚАЛСЫН МӘҢГІЛІК**

Жүректе шіркін қыңсылап жатыр сан арман,  
Адамзат озған қарап тұрсаныз заманнан.  
Өлсінгे кейде беріліп кетіп қиялмен,  
Сағымдай болып сарылыш, шіркін, жоғалғам.

Жұдырықтайын ет жүргегінен кеудеме,  
Тірі жан білмес тіршілік нұры таралған.

Сенімнен бастап сендірсем бе еken сөз басын?  
Бұл шумактарым жүректің қылын қозғасын.  
Өзінді ойлап өксігендігім соншалық,  
Еңірегенмін жастыққа тамып көз жасым.

Сен салар тәтті қайда еken, жаным, аялы ән,  
Аялы әнді естімек болып ой алан.  
Тұсімде көріп, шашыңнан иіске жатқанда,  
Тәтті қиялымнан көнілсіздеу ғана оянам.

Қанып ішермін өзінен қашан шырынды,  
Еліріп жүріп естімеппін де үнінді.  
Жүргегінен ұғар ме екенсің актарсам,  
Өзіңе деген еш пенде білмес сырымды.

Қыз едің, еркем, мінезі көркем, бал қылық,  
Бал қылығынмен жүруші ең естен тандырып.  
Өзінді сүйген жүректің тылсым бір сыры,  
Ақ парактағы жазу боп қалсын мәңгілік.

### ӨКПЕМ БАР

Жүргім – жара, көңілім – қайғы, күйіктен ішім өртенед,  
Сұлық жатсан да замана сені сүйрейді алға желкелеп.  
Сүйетін едім ақ жүргімді, ақ сезімімді ұсынып,  
Гумаппын, әпке, өзіңен, бірақ, әттең-ай, әттен, ертерек.

Залалықпенен ағат сөйлесем миығыңыздан күлмегін,  
Сызғалдағымыз барлығымыз да «ӨМІР» –  
атты бір жұлғенің.

1. Әқталғанымменен «Сүйем!», –  
деп сізге барлық сырымды ақтарып,  
Касқанып қалам, жүрексінемін, неге екенін білмедім.

Алышқа шапса арқаланамын «ШАБЫТ» –  
дейтін бір арғымак,  
Шерменде жандар шерін ақтарып өлеңге  
наз бен зар қылад.  
Зақытты жандар болатын едік бақ құсы қонған басына,  
Сіз менен ерте біршама көйлек тоздырғансыз-ау ал, бірақ.

Дұл жалғанда да күн нұрын шашар,  
күлімдетер сені көктем бар,  
Сүзбенен қалсын армандал сізді жылаумен  
өксіп шерткен зар.  
Диң сегізге де, жиырма беске де кінә тақпаймын, білсеңіз  
Дарылтып шіркін, сағынтып қойған тағдырыма  
ғана өкпем бар.

\* \* \*

Неге жылаймыз бар жақсылықты көрсек те?  
Жылама, жаным, көзіннің жасын көрсетпе.  
Ал екеуміздің жүргегеміз бір соқсыншы,  
Бір-бірімізден тым алыс, шалғай жүрсек те.  
Бірге болайық жыласақ, мейлі, күлсек те.

Өкінбе, жаным, сен мені ойлап күрсінбе,  
Біле де алмадым көңілсіз, бәлкім, жүрсің бе?  
Өзінді ойла, санаңдан ысыр басқаны,  
Мені қайтесің, ал мен бір жүрген құр сүлде.

Сағынып мені қайғырма жаным, қайғырма,  
Айналап сокқай екеуміз жүзген айдынға.  
Менімен қоштас, айдынмен қоштас өксітіп,  
Содан соң мәңгі бұл жаққа енді қайырылма!

\* \* \*

Боташым,  
күнім менің, жырым менің,  
Сен неге жүргіме үңілмедің.  
Сені ойлап жынды болды сана-сезім,  
Сені ойлап кірпігімді түн ілмедім.

Боташым,  
аппақ құсым, аппақ арым,  
Сені ойлап сор табамын, бақ табамын.  
Жүр кеттік, қолынды бер, қорықпағын,  
Мен сені ұжымакқа ап барамын.

Боташым,  
аппақ қанат періштем ең,  
Сені көріп биікке өрістеп ем.  
Балды да, уынды да ұсындың ғой,  
Тартынбадым, сен үшін мен ішкен ем.

Боташым,  
Ақ Баяным, Қыз Жібегім,  
Сені ойлап жаз жүдедім, күз жүдедім.  
Мен күйеуі болайын сіздің елдің,  
Сен келіні болсаңшы біздің елдің!?

\* \* \*

Мен сені тағы да көрдім,  
Қарамадың-ау бұрылып маған.  
Махаббатың бағына бердім,  
Қадірін бұрын ұқпаған.

Бірге өткен тәтті күндерім,  
Ойыма орала берді.  
Көздерің Аққұым менің,  
Жанымды тонаған бе еді?

Мен енді ғайып болармын,  
Сен мені таба алармысың?  
Білмедім айып боларын,  
Өзіме оралармысың?!

\* \* \*

Арманыңың ұшарында тұрмын мен,  
Адасқан бір пендे дейін жолынан.  
Айнымайсың ерек өскен қыр гүлден,  
Ақ сезімнің шапағына жарыған.

Ііскесем тамағыңдан не етесің,  
Иіліп кеп алдыңа бас қойғанда.  
Инеліктей мүмкін ұшып кетерсің,  
Иең жүрер келе де алмай байламға.

Зуыл қағып өтіп жатыр өмірім,  
Зырылдауық ойыншығындаі баланың.  
Зарлы болса не етерсің көңілім?  
Заман – дүние құбылтады жанарын.

Асылдығың білісінші сөзіңнен,  
Адалдығың жатсын оған астасып.  
Ауыз сөзге ынтық болған сезіммен,  
Ал өзіңе қалдым еркем боп ғашық.

Дүниенің қыскалығын ескеріп,  
Дүрбелен – ой өлең жаздым саған мен –  
Дүниемнен тек өзіңе естелік,  
Дүр – жауһарым, сені қайдан табам мен?

Асығыстық жасадым ба? Білмедім,  
Ақылға сап алмадым-ау сөзімді.  
Ақық жырым сезіміңе бір белгім,  
Айым, мәңгі сақтау үшін өзінді!

\* \* \*

Жарылқасын деп Жаратқан,  
Жалынып Хакқа күні-түн.  
Жарлыдай көзден зар аққан,  
Жалғаннан таппай үмітін.

Асығып алға, талпынып,  
Аяқты жайлап басам мен.  
Ақтық та демім сарқылып,  
Адамнан көмек тосам мен.

Наркескен болам жарқылдар,  
Нұрланған жүрек сен үшін.  
Нар дүниеде де салқын бар,  
Нәрсіз қып сезім жемісін.

Ыңдысын теуіп ырзықтың,  
Ықыласым ауды өзіне.  
Ыңдағат таппай мұз жүттым,  
Ықсырып сезім тезіне.

Мына дүние-ай қимайтын,  
Меніреу, мылқау, үндемес.  
Маған шын бақыт сыйлайтын,  
Мүмкін бар алда бір белес!?

\* \* \*

Жалғасы Домалақ ананың,  
Мен десе сезімі жалындар.  
Қамқоры ұл-қызым, баламның,  
Шын сүйген менің де бағым бар!  
Дәл сендей жарым бар,  
Мен неткен бақыттымын!!!

Анамның әдепті келіні,  
Сәлемін салатын ізетпен.  
Некелі ерінің сенімі,  
Өз арын күзеткен!  
Дәл сендей жарым бар,  
Мен неткен бақыттымын!!!

Иманы шайтаннан қорғаған,  
Орамал тұспеген басынан.  
Алланың ак жолын таңдаған,  
Жүзінде мейірім тасыған!  
Дәл сендей жарым бар,  
Мен неткен бақыттымын!!!

## САГАН

Қажеті де шамалы енді жылаудың,  
Қажеті де шамалы енді сұраудың.  
Сен мені енді көрмейтін де шығарсың,  
Ал мен саган жыр жазбайтын шығармын...

Ағып түскен жұлдыздай боп жоғалдың,  
Сені тіпті ойламайтын боп алдым.  
Мені есіңе аласың ба? Білмедім,  
Сені есіме алуды да доғардым...

Сен болғанмен жігерімді жасқаған,  
Өзіңсіз-ақ өміріме дос табам.  
Білем, сенде суреттерім жоқ менің,  
Мен сенікін өшіріп те тастағам...

Сыйлап кеттің жүргегіме қанша мұн?  
Сол мұныңды көтерем деп шаршадым.  
Сенде менің нөмірім де жоқ шығар,  
Ал сенікін термейді енді саусағым...

Сор жауынын сорғалатты-ау мұнар күз,  
Сондықтан ба сезім – шынар құнарсызы.  
Мен сыйлаған кітап әлі бар ме екен?  
Сен сыйлаған сезім қазір тым әлсіз...

Жазылмайды саган енді тұма жыр,  
Аза тұтып жүрек дейтін бір ауыл.  
Менсіз өмір саган қызық шығар-ау,  
Сенсіз өмір маган қазір тым ауыр...

Көз алдымыңды көлегейлеп көк тұман,  
Көк тұманнан сені іздең көп тұрам.  
Бақыттының сен қатарын толықтыр,  
Бақытсыздың санын өзім арттырам...

\* \* \*

Махаббатқа іңкәр болған ізгі тұн,  
Ізгі тұнде жаным нұрға бөленді.  
Сендік жүрек ойламайды-ау біздікін,  
Біздің жүрек тек өзіңе тәуелді.

Білесің ғой неге екенін себебін,  
Тұнгі аспанға телмірумен тұрам көп.  
Жұлдыздарға өлең оқып беремін,  
Мың жұлдызың бірі өзің шығар деп.

Сол бір кездे жұлдыз ағып аспаннан,  
Көкжиекке асығады білсем мен.  
Сен деп қалам өлеңіме мас болған,  
Менің адад сезіміме шын сенген.

...Шумак-шумақ өлең арнап өзіңе,  
Тәтті тұстің тереңіне батамын.  
Содан кейін үйқы келіп көзіме,  
Сені ойлап қалғып бара жатамын.

\* \* \*

Шығара алмай есімнен сені гүлім,  
Жанаарымда жәудіреп мұң – шық тұрды.  
Саған деген сезімді өлі мұным,  
Жүргімнің түбінде тұншықтырды.

Сен сезбедің мендегі хәлді неге?  
Ал жүрегің темірден жарапған ба?  
Құлақ аспай мен айтқан әңгімеге,  
Тіл қатасың тым өзге адамдарға.

Ыңғар шашып тәніме шемен күй кеп,  
Қабағың тондырады-ау мұз қарысқан.  
Түк сезбейсің, отырам өлердей бол,  
Бар кеудемді шарпыған қызғаныштан.

Жан дүниеме нұр берер тылсым аппак,  
Жанаарыма қонған кеп үр мұным ең.  
Жауапсыз сезіміме тұншығып кап,  
Өліп кетсем не етесің бір күні мен...  
Не етесің?...

\* \* \*

Қарадың да тастадың кеудеме ұшқын,  
Өмірдің ғажап сәтін мен де кештім.  
Жаны мен тәні нұрдан жаратылған,  
Періштесің, періште пенде емессің!

Жымидың да жаныма тараттың нұр,  
Көз алмадым құлқіне қараң тұрдым.  
Қиялымда сүйдім де маңдайынан,  
Ерініңнің шырынын шарап қылдым!

Ұнаттым да жасырдым сырымды әрен,  
Сол сырымды қозімнен ұғынбап ең.  
Жанарыңың жарқылы жанымды өртеп,  
Мұз болған тәнім еріп жылынған ем.

Ұмыттым да мұным мен бар қайғымды,  
Сезімім өмірімді балдай қылды.  
Жамау-жамау жыртылған жүрегіме,  
Енді сен кеп жамайсың қандай мұнды?..

\* \* \*

Кешегі,  
Мен саған оқыған өлеңдер,  
Дәл қазір жүрекке сыйлар мұн.  
Бұл өмір – дана шал, кеменгер,  
Көкесін көрсесті-ау қинаудың.

Үрледім сезімнің отын мың,  
Жанбады не амал, не шара?  
Көңілсіз жабырқау отырмын,  
Күйге ендім, көрсөнші, бейшара.

Айтпайды бұл әлем сыр енді,  
Әніне жырымды қоспайды.  
Соны ойлап көңілім түнерді,  
Дәл қазір бөтен ой, бас қайғы.

Түсінер жанымның сырын кім?  
Үгатын пенде жок, әй, бірак.  
Кім екен сыйлаған шырын мұн?  
Құларым анық-ау қалжырап.

Жаздым да жанымның бар сырын,  
Мұн шақтым қағаз бен қаламға.  
Дүние ұсынған бал – шырын,  
Әттең-ай, тіліме тамар ма?

Жазғаны осы ма тағдырдың?  
Бұйырыр тағы да қандай күн?  
Куәсі кешегі бал күннің,  
Қайдасың, ай аппак маңдайлым?..

\* \* \*

Балхадиша, жарығым, жаным-күнім,  
Жағады екен, білмедім, бағынды кім?  
Сөзсіз, жаным, өзіңе бағындырдын,  
Боларыңа сенемін бағым бір күн.

Балхадиша, құралай, аппақ айым,  
Сенің әрбір сөзіннен бақ табайын.  
Екеуміз қолұстасып келген кезде,  
Ақ женгем тамызса екен отқа майын.

Балхадиша, нәзігім, үміт, мұным,  
Сөздеріңмен жарығым, сыр ұқтырдын.  
Мен сені сүйеді екем! Сен дәлелде,  
Маған деген сезімнің тұнықтығын!

## **ҚАРА ҚЫЗ**

Қара қыз...

Кәдімгі...

Мен оны сүйемін.

Ғашықпyn шынымен.

Тек кана сол үшін күн болып күлімдеп, түн болып түрілем.  
Жоқ...

Өнімде жоғалтып алғанмын,

Тұсімдे...

Мазасыз миымның ішінде

Көрем де жүтірем...

Жолымда сан түрлі сайтани ойларға сүрінем.  
Сенемін,

Жетемін түбі мен!

Сен ғана!

Сен ғана...

Қара қыз, жабырқау жанымның жамалы,

Ерніңе жұлдыздан құлаған тәп-тәтті бал келіп тамады.  
Бал сіңген еірніңді,

Мен емес сені алдап сайқал түн неліктен сорады?..

Қызғаныш – қаншықтың кесірі,

Ішімде қанжоса тырнақтың іздері қалады.

Өзіңнен алыста,

Мен жүрем ессіздік күй сыйлатап,

Сен берген жауапсыз сезімнің шарабы...

Біз мүмкін...

Мүмкін біз кездесіп қаламыз,

Корқам...

Сен – Күнсің!

Мен – Аймын!

Тым алшак өйткені, арамыз.

Қараймын...  
Сен келер жолдарға,  
Кім білер?..  
Біріміз бірімізді  
Әйтеуір табармыз!..  
Әлде,  
Ескірген  
Уакыттың сарғайған парағы болып-ақ қалармыз...  
Мен,  
Сонда да бақыттымын!  
Өзінді сүйгенім үшін де,  
Ей, қиялымдағы, Қара кыз!..

### БІЗ ЕКЕУМІЗ

Біз екеуміз кездесетін көше – бұл,  
Кездеспедік...  
Отті арада неше жыл?  
Ошіргенмін үміт дейтін отымды,  
Кешір уакыт!  
Кешір мені!  
Кеш өмір!

Біз екеуміз бас сұғатын ресторан,  
Ресторанды арагідік еске алам.  
Жылап келем...  
Сені іздейді мұңайып,  
Жалғыз қайың және анау ескі алаң.

Біз екеуміз сыр ашатын тұн жырақ,  
Сенсіз тұндер үндемейді тұнжырап.  
Ай күледі, жұлдыздар да сол қалып,  
Енді қайтіп сырласпаймыз біз бірак.

Біз екеуміз қыдыратын мына бақ,  
(Алма талдар еді-ау, шіркін, тым аbat).  
Екеумізді жасырмайды бұтақтар,  
Ай да бізге қарамайды сығалап.

Біз екеуміз серт байласқан қайың тал,  
...Дәл жанында сұрап отыр қайыр шал.

Екеумізді ажыратып ен, келсе әлін,  
Елесінен тағы бір рет айыршы ал!?.  
Ей, Ажал...

#### НҰРҒА

Сұлудың болса әлегі,  
Жан едім бірақ көнетін.  
Көргенде қызды әдемі,  
Шабыт келетін әдетім.

Өлең жазсам да зерделі,  
Өмірдің бітпес сұрағы.  
Жазғыра көрме сен мені,  
Кеуде тұсым ғой кінәлі.

Жаңылсын атап әкеніз,  
Ұл болар деген бір ойда.  
Алғысым шексіз, не етеміз,  
Жаңылмай қалған Құдайға.

Періште болып көрінген,  
Жұмаққа жаны некелі.  
Шиедей қызыл еріннен,  
Дәм татқым келіп кетеді.

Ойым бар еді бекінген,  
Сені көргенде бағана.  
Алмадай қызыл бетіңен,  
Бір сүйсем, айтшы, бола ма?

Жалғызды калап жүрегі,  
Жан емес әркез ар ойлар.  
Сендей сұлудың Ұлы елі –  
Бақытты екен Адайлар.

Жүре бер сезім емі боп,  
Табылmas сендей жер-көктен.  
Ауылыңа барсам Сері боп,  
Қарсы аласың ба құрметпен?

Өлеңмен сені ойға алдым,  
Тек тәтті болсын тағдырың.  
Ақ маңдайыңнан айналдым,  
Ақтаудың қызы-ай ақ Нұрым!!!

\* \* \*

Күнім менің...  
Сені көріп сенделді мұңым керім.  
Жұлынбаған, мөп-мөлдір шыққа толы,  
Гүлім бе едің?..  
Жүргімді тұтқынға ап саған сенген,  
Улай ме екен санамды шырын-демің?..  
Бүгін менің...

Жаным менің...  
Саған сөз де айта алмай жанылды ерін.  
Жанарымды алдайтын қолым жетпес,  
Сағым бе едің?..

Он тоғыз жыл іздеген мына әлемнен,  
Көктегі Алла берген бағым бе едің?..  
Арым менің...

Тәттім менің,  
Кеудемдегі сен келіп отты үрледің.  
Аппақ ардай, жұпары жанды еліткен,  
Ақ гүл ме едің?..  
Тәнір өзі жаратқан маған арнап,  
Тамшы бақты тірліктен таптым дедім.  
Тектім менің...

Еркем менің...  
Нәзік жібін жүректің сен тербедің.  
Қызы-Жібек пен Баяндай тым қылықты,  
Көркем бе едің?..  
Өміріне өкпелі өлеңшіні,  
Сен сезбейсің от қылып өртер лебің.  
Еркем менің...

Теңім менің...  
Шиедейін қызарған еріндерің.  
Жанымдағы жарама өмір салған,  
Емім бе едің?..  
Ата-енесін құрметтер, жарын сүйген,  
Атанасың, иншАлла, керім келін!  
Үрім менің...

\* \* \*

Арамыз алыстап барады,  
Кінәлі шақырым, қашықтық.  
Таусылып сезімнің амалы,  
Белгісіз күндерге асықтық.

Мен сені сүйген ем шынайы,  
Сен мені сүймейсің, сеземін.  
Кеше гөр, сезімнің Құдайы,  
Өртеніп барады өзегім.

Қия алмай өзінді өзгеге,  
Сыя алмай кетем бе жалғанға?  
Осылай сүріндік біз неге?  
Қол созым қалғанда арманға.

Тәңірдің жазуы шығар – бұл,  
Амал жоқ қылатын қарсы оған.  
Жүрегім еңіреп жылап жүр,  
Әлі де ғашық қой ол саған.

Кеудеме кел дағы тұракта,  
Ханшасы жүректің ары нұр.  
Өтінем, Сен маған кінә артпа,  
Мен Сені сүйемін бәрібір!

\* \* \*

...Керім де керім, керім қыз,  
Керім қыз, сенің теніңбіз.  
Женгелеріңе жақпаған,  
Женілмей жүрген серіңбіз.

Көркем де көркем, көркем қыз,  
Сөзіңе талай елітерміз.  
Мүмкін екеуміз бір болып,  
Сезімнің сырын шертерміз.

Жұпар да жұпар, жұпар қыз,  
Жұпарыңды әлі-ақ жұтармыз.  
Жаныңа жақын келгенде,  
Сөз айтуға да жұтаңбыз.

Аппақ та аппақ, аппақ қыз,  
Өзіндей қайдан таппақпыз.  
Жылуы кемшін жүрекке,  
Жылы сөзіңмен от жаққыз.

Шәрбат та шәрбат, шәрбәт қыз,  
Шәрбаттан тілге дәм жаққыз.  
Есі егесіз ессіздің,  
Басына бақыт орнатқыз!!!  
Ия?

\* \* \*

Кешір, құрбым,  
Мен сорлының жан сырын несін білдін?  
Жүргіме жерлегем сезімімді,  
Жетегінде жүрмін ғой жесір мұннын.

Кешір, гүлім,  
Егесінен адасқан есім бүгін.  
Бұ дүниеден жерініп о дүниеге,  
Бара ма деп қорқамын көшім бұрын.

Кешір, қарғам,  
Өңім түгіл түсімде есімді алған.  
Сен кеткен соң қызықсыз бол барады,  
Бес-ақ күндік ғұмырлы бесін жалған.

Кешір, жаным,  
Ақталамын ақтарып несін бәрін.  
Өзегінен тепкен кеп өз иесін,  
Үмітімде білмессің өшім барын.

Кешір, Нұрым,  
Болмап еді дәл мұндай шешім бұрын.  
Өзіндегі өзіме деген ыстық,  
Махаббатты, айтсаншы, өшірді кім?

Ойға баттым,  
Қайда әкетіп барады тайғанап күн.  
Періштесі-ау жанымның адал сүйген,  
Пейіш жаққа кетер деп ойламаппын...

\* \* \*

Ақ арман қызы,  
Сен келгелі еруде жанардан мұз.  
Бірімізге біріміз ынтықтықтан,  
Мәңгі ғашық болуға жаралғанбыз.

Ақ тамақтым,  
Жанарыңмен жасынды жалт қараттың.  
Сені сүйген жүректің түкпіріне,  
Махаббат деп аталар от тараттың.

Ақ періштем,  
Сені көрсем жанамын от бол іштен.  
Саған ғана байланғам көріктім-ау,  
Ақ сезімін өзіммен қақ бөліскең.

Аққұба қызы,  
Ақтара алмай сезімді көп тұрамыз.  
Көздеріңе телмірем сүйгендіктен,  
Одан басқа алдында жоқ кінәміз.

\* \* \*

Мұңайма қызы!  
Махаббатын сұрайық Құдайдан біз.  
Алдап кету ажалды мүмкін емес,  
Болғанымен бықсыған мың айламыз.

Қайғырма қызы!  
Қайғысы жоқ қам көніл айдында жүз.  
Ай сұлу ең, жаныма ауыр, бірақ,  
Болатыны өмірде айдың жалғыз.

Өкінбе қыз!  
Біз өйткені өлімнің өтіндеміз.  
Жадыратқан жанымды жаз кеткелі,  
Өкінішпен өксітіп өтуде күз.

Жылама қыз!  
Окпелеме өмірге мына жауыз.  
Кұдай бізді қашанғы жылатады,  
Қуанамыз, инишАлла, қуанамыз!

\* \* \*

...Төлеген болғым келмейді,  
Бекежан атып тастайтын.  
Кебек те болғым келмейді,  
Өлетін сорлап жастай тым.  
Қозы да болғым келмейді,  
Баянға Құдай қоспайтын.  
Мәжнүн де болғым келмейді,  
Сезімі құшақ ашпайтын.  
Ессіз де болғым келмейді,  
Ақ махаббатты ластайтын.  
Бакытты болғым келеді,  
Бакыты бастан қашпайтын.  
Жарына деген сезімін,  
Жаратқан өзі растайтын!

\* \* \*

Сынақтарын көтере алмай жүрегі,  
Тағдырына тас атады адамдар.  
Жаныңызда мендей сорлы кім еді?  
Менен гөрі бақыттысың, балаң бар.  
Сені сүйген жүрегімнің дерті мың,  
Кінәсі жок, күнәсі көп періштем.  
Тым болмаса түсімде де бер тыным,  
Ал сертінді ұмытпашы келіскең.

Төзем бірақ тағдырымның тезіне,  
Білесің бе, қайғым ауыр, мұң – демім.  
Өз обалым өзгеге емес өзіме,  
Кешіре гөр, мен сенікін білмедім.

Санам ауыр күрсінеді бүгінде,  
Қай жаға апарады ой – айдын?  
Қалтыраған жүрегімнің түбінде,  
Сені және сезімімді аяймын.

Шаттығын да сезінбеген шырайлым,  
Сезем бәрін, іштей үнсіз жылайсың.  
Мен де бір күн бір аруға ұнаймын,  
Сен де бір күн бір жігітке ұнайсың!

Мен сенемін!

\* \* \*

Мен саған жете алмай қамықтым,  
Сен оны сездің бе, шаттығым?  
Өзіңсіз күндерден жалықтым,  
Төзім де сарқылды, жоқ бүгін.

Шаршадым сағыныш дегеннен,  
Тұқірем тірлікке тағы да.  
Қиялдап сен жайлы өлеңде,  
Жеткендей боламын жаңына.

Мен сені сүйемін – шындығым,  
Сенде де, жаным-ау, солай ма?  
Біз бірге боламыз бір күні,  
Үмітті үзбеші, жарай ма?

Ерініңнен сүйейін ендеше,  
Антындаі мәңгілік сезімнің.  
Сен жайлы тұс көрдім мен кеше,  
Содан соң бақытты сезіндім.

Мен сені ешкімге бермеймін,  
Өзіме жаралған сыңарым.  
Сен кетпе, сен үшін өлмеймін,  
Сөнгенше бес күндік мына күн.

Жүректе сен барсың, жоқ ешкім,  
Сен ғана иесі бақыттың.  
Өзгені сүйген де емеспін,  
Тізбегін қарасам уақыттың.

Сен менің қуаныш-қайғым да,  
Бақыттым, байлығым, барымсың.

Жүретін сынар бол айдында,  
Мәңгілік серігім – жарымсын.

Сонында арманға жетерміз,  
Ақ жолын адаспай табайық.  
Қолыңды бер, еркем, екеуміз,  
Мәңгілік бақытқа барайық!

Жүр кеттік!

\* \* \*

Салатын кешке сзылтып тәтті әнім бе едің?  
Арайлап күліп ататын ақ таңым бе едің?  
Жүрегіме келіп жүргізші өз билігінді,  
Тілегі нұрлы, ары пәк аппағым менің.

Өміріме менің килігіп шатыспа деме,  
Сезімді мынау мендегі уақытша деме.  
Таңдан тұрам да күн шығар шығыска емес,  
Телміріп сонша қараймын батысқа неге?!

Жалғанға сенсіз, жарығым, сыймаймын, көресің,  
Куанышты емес қайғыны сыйлайды елесің.  
Ұсынсам саған жанымның аппақ сезімін,  
Сен мені неге, сәулем-ау, қинай бересің?!

Шерменде қылыш сен мені қалдырдың мұңға,  
Сені іздеп ойда сенімім қаңғырды қырга.  
Қаламасаң да сүйемін өзінді, жаным,  
Бұйрығы шығар жазылған тағдырдың бұл да.

\* \* \*

Есін алған естінің ерке гүлім,  
Бақыт дейтін күйінді шертеді кім?  
Кірпігіце байланған сері ғұмыр,  
Ханшайымы шығарсың ертегінің.

Ханзадан кім? Белгісіз бәрі маған,  
Соны ойлап сенерсің жаным алан.  
Жіпсіз байлап тастайтын жүрегінді,  
Сезім деген құрғырдың заңы жаман.

Тұгі де жоқ сезімге кенде болған,  
Жетегіне елестің ерген арман.  
Байқадың ба, қия алмай қоштасуға,  
Жүрегімнің жартысы сенде қалған.

Сұлулықтың соқпағын жалғап келген,  
Өзіңменен Тәнірім мол бақ берген.  
Ханшайым қызы, күтеді әмірінді,  
Сені көріп селт еткен сол жақ қеудем!

\* \* \*

Жүзіңе тамсанып қарайды ай неге?  
Бұл жазған өлеңді, сұлуым, жай деме.  
Екеуміз тоғыспас жолдарға ұқсаймыз,  
Өмір деп аталар теңізде бұйырар қай кеме?

Елігі шығарсың есті алған еріктің,  
Санамда қап кеткен ескі арман еліттім.  
Өзімнен қызғанам кей сәтте абайсыз,  
Айдан да әдемім, күннен де көріктім.

Мезі етіп санамды мезгілсіз мұнар күн,  
Жанымның түбінде сені ойлап жылар мұн.  
Өзінді жүрекпен сүйгенім үшін мен,  
Өзгеден өзгеше бақытты шығармын!

\* \* \*

Өмірден жерінem неге?  
Мені ойлап егілем деме.  
Жанымның жартысы, гүлім,  
Кетті гой сенімен бірге.

Аймалап қараған едім,  
Жанымды тонаған ерін.  
Жанарың сәуле таратқан,  
Ем болды жарама менің.

Ақ гүлім, Жібегім менің,  
Сені ойлап тұнерудемін.  
Өзің деп әрбір секундта,  
Соғады жүрегім менің.

\* \* \*

Тағы тұрмын алдында, тағы келдім,  
Арасынан сені іздең сары белдің.  
Сен кеткенде мұнайып қалып едім,  
Сары уайымнан сары алқа тағып едің.  
Тағы келдім, сонда да тағы келдім!

Тағы келем, келемін, келем мүмкін,  
Не десенде жүрегім көнер, шіркін.  
Жалығарсың, кім білер менен бір күн,  
Жалығармын, кім білсін, сенен бір күн!

\* \* \*

Саған әлі ғашықпын, саған әлі,  
Желбіреген бұрымдым орамалы.  
Өзің салған жүрекке жазылмады,  
Жазылмады асқынған жарам әлі!  
Кұсым!

Маған әлі өкпең бар, маған әлі,  
Қызың ғұмырың алыстап барады әні.  
Сен – Періште! Мен – Пенде!  
Пенде жүрек,  
Періштені каламады.  
Түсін!

\* \* \*

Тағдырым басқа бейнетін салса көніккем,  
Қалмасам екен акқан жұлдыздай сөніп мен.  
Түсімде көріп жаныңа жете бергенде,  
Оянып кетем неліктен?

Сезімнің саған сыйлагым келед тәттісін,  
Өзіме ғана бұйырган, жаным, бақпышың.  
Көз жазып сенен қалмасам бір күн жарап ед,  
Періште бейне ақ құсым.

\*\*\*

Жұпарын шашқан гүл едің жалғанға мынау,  
Ашпаған әлі қауызын адал арына.  
Сол жұпарыңды талайлар армандаң жүр-ау,  
Түйіп қояйық ақ жаулық орамалыңа!

Кірпігіңе келіп байланған бес күнім менің,  
Жүрегім сені қалайды – шындығым, барым.  
Естелігі етіп сырымды ескі күндердің,  
Жолыңа құрбан қыламын бір күні бәрін!

\*\*\*

Өкпелеме, окпе деген жай ғана,  
Ал сен мені сүймейді деп ойлама.  
Білесің бе, сыр айтқанмын қанша тұн,  
Өзің жайлы жұлдыз бенен айға да.

Ренжіме, ренжу деген жат қылық,  
Жат қылықтан таба алмаспыш тәттілік.  
Мен өзіңді сүйе берем, сен маған,  
Қанша жерден көрсетсөң де қаттылық.

Мұңаймашы, мұң дегенің қайғы ауыр,  
Сол қайғыға ноқтасымен байлану.  
Маған деген ақ сезімің кешегі,  
Қайда кетті, сені тастап қайда жүр?!

\* \* \*

Сен неге ғайып болдың көз алдынан,  
Тұзактан құтылмаспыз ажал құрған.  
Көзімнің тірісінде сап кетейін,  
Мәрмәр емес, мәңгі өшпес мазар жырдан.

Мені айырар өзінен ажал – кемем,  
Сертім барды жаныңда болам деген.  
Кеш мені, жаныңнан еш табылмадым.  
Ренішің болмасын маған деген...

\* \* \*

Сені сую Алладан маған нәсіп,  
Сен жүре бер жер бетін аман басып.  
Есінде болсын, жаным, бір жігіттің,  
Бар екені мәңгілік саған ғашық.

Еске алып Сезім – атты өлкені мын,  
Ішімді оттай шарпып өртеді мұң.  
Мен сенің кеудендеріңі жүргегінің,  
Жартысы болғым келед, ерке гүлім.

Еркетай, түсемін бе шырғалаңға?  
Жүрек үнім құлаққа тыңдалар ма?  
Жалғыз өзім жүргендей сезінемін,  
Осынау тұбі шексіз бұл ғаламда.  
Жанарыңа нұр беріп жүргімнен,  
Тамағыңнан иіскер күн болар ма?

\* \* \*

Ет жүргің сол кеудене сыймас түк,  
Талай дос боп, талайлармен сыйластық.  
Жолығысу, көрісулер бір басқа,  
Ең алғашқы кездесулер – қимастық.

Жүргінде сүйген жанның сырлы қап,  
Ондай сәтті бастан кешкен шын ұғад.  
Талай құшақ ашылады, сонда да,  
Ең алғашқы кірген құшақ жылырақ.

Қажет емес сол кездегі бізді ақтау,  
Астарында санаң сезер сыр жатты-ау.  
Басқа жерде айтыла ма, білмедім,  
Ең алғашқы «Жаным!» деуің қымбаттау.

Тұрғандай боп жалғыз өзің көк тіреп,  
Шала мастық, ал көз алдың көк түнек.  
Мың еріннің сауғаныңмен «желінің»,  
Ең алғашқы сүйген ерін тәттірек.

Ия, әрине болып жатса көмегі,  
Ғашық болу адамзатқа жөн еді.  
«Уақыт – емші» деп айтады, өтірік,  
Ең алғашқы махаббаттың жоқ емі!

\* \* \*

Махаббаттың не екені беймәлім,  
Сондықтан ба ашылмаған сырғы көп.  
Ғашық болу – қүйзелістер, қиналу,  
Ғашық болу – жазылмайтын ұлы дерт.

Аузында бір сөзі жоқ татымды,  
Мені біреу жынды дейді, дей берсін.  
Кей пенделер жазғырғанша ақынды,  
Сұлулыққа сүйсінуді үйренсін.

Ақталмаймын, ақталып ед бұрын кім?  
Кері қайта айналдырмас уақытты.  
Кейіпкері болған әрбір жырымның,  
Мен құмартқан арулар да бақытты.

Көш арбамды алға қарай сүйрер кім?  
Тұрақсыздық, жүректе жоқ шыдам нық.  
Мен өмірде бір-ак рет сүйгенмін,  
Ал қалғаны – сұлулыққа құмарлық.

### **ӨКПЕЛЕУГЕ ХАҚЫМЫЗ ЖОҚ ДЕСЕК ТЕ...**

Өкпелеуге хақымыз жоқ десек те,  
Тағы бізді жолықтырды сүм тағдыр.  
Алдар көсе – армандарым кеше өткен,  
Ескі күннің естелігін шырқап жүр.

Белгісіздеу алдымызда не бары,  
Артымызда құм өшірген із ғана.  
Жүректерге бөліп құйған обалын,  
Білесің бе, есі жоқтар біз ғана.

Өкпелеме өтінемің аспанға,  
Кінә түгіл күнәсі де жоқ оның.  
Мәңгіліктің ак мамығын жастанғам,  
Сәтім келсе себепсіз-ак өлемін.

Ей, ақымақ, ерме маған, қайт кері,  
Менің ғана түгесілді ертегім.  
Сен соңымнан келем деме, өйткені,  
Жатырында тербеледі ертеңім.

Тауықсанмын ырзық толы кесемді,  
Дей алмаймын жегенімнің бәрі бал.  
Кездеспейміз, кешір мені, кеш енді,  
Ақ бақыттың мандайында соры бар,  
Ақ бақыттың мандайында бағы бар...

\* \* \*

Жарасына кеудем жар салып ем іздегені,  
Жағаға қарай лактырар теніз кемені.  
Кейбір достарым кей сәтте қателік қылыш,  
Махаббат пенен достықты егіз көреді.

Жанымның ауыр мұндарын оятқан қайғы,  
Құмарлықпенен кеуденде тоят болмайды.  
Достықтың соны ұласар ақ махаббатқа,  
Махаббат бірақ достықпен аяқталмайды.

\* \* \*

Желкенін жайсам сен жаққа үміт – кеменің,  
Өтінем, жаным, барлығын ұмыт демегін.  
Ақүрек балапаным боп соңымда жүрші,  
Жолыңа құрбан жүректі жұлыш беремін.

Өзінді іздер дәл мендей ғаріпті аяғын,  
Шырқайтын әркез сезімнің жалықпай әнін.  
Қызғанып сені өзге емес өзімнен кейде,  
Сол жақ кеудемнің ішіне салып қоямын.

Күн сайын өсіп мен үшін қарыштап құның,  
Өзіңсіз, гүлім, кеудемде толыспак мұным.  
Сағынып мені өртеніп өлсін демесен,  
Жанымда қалшы, кетпеші алыстанап, күнім.

Сенсіз өмірде сенделіп қалып не етемін?!

Тәп-тәтті болған тандайға тамып шекерің.

Сәл ғана күтші, сабыр ет, балапаным-ау,  
Менсіз қаладан өзінді алыш кетемін!  
Сәл ғана күтші...

\* \* \*

Күдік келіп үмітпен «некемді» ұзді,  
Некемді ұзді, сертімді бекер бұзды.  
Ерініңен сүйгенде бөтен жігіт,  
Мен құшақтап тұрамын бөтен қызды...

Бас имей Сезім атты патшамызға,  
Өтінемін, жанарадан жас тамызба.  
Саған гүлін ұсынар басқа жігіт,  
Мен гүлімді сыйлаймын басқа қызыға...

...Күйін кешіп мекенсіз кезбе бұлттың,  
Кесірінен қайғының өзгеріппін.  
Амал қанша, сен енді өзгеліксің,  
Амал қанша, мен енді өзгелікпін!..  
Қош бол!

\* \* \*

Ниет сүйреп алысқа көш кемені,  
Кездесіп бір керемет кеште әдемі.  
Екеуміз ессіздікпен сырласқанбыз,  
Жасырмай ешнәрсені, ештеңені.

Сетінеп сені көріп сынық мұным,  
Сезімнің кереметін шын ұқтырдың.  
Арамызды жалғаған мәңгілікке,  
Байқашы, үзіп алма үміт жібін.

Үміт – арман алдамас сенсе кімді,  
(Сұлу қыз-ау, әлемде ең сүйкімді).  
Мен де жалғыз боп шықтым сен секілді,  
Сен де жалғыз боп шықтың мен секілді.

Танытқан екеумізге шырай қабак,  
Сансыз мадақ болсыншы Құдайға нақ.  
Тағдырдың жазуына қарасайшы,  
Бір-бірімізді ұнаттық құлай қалап.

Шертіп жүрген талайдың шекесінен,  
Бақыт таппақ ақ адап некесінен.  
Сөйлескенін сол ару білмей кетті-ау,  
Болашақ бөпесінің әкесімен...

### ЖҰЛДЫЗҒА

Аспанда Жұлдыз көп дейді,  
Жердегі жалғыз сен едін.  
Барлығы саған жетпейді,  
Өзгеден өзге ерегім.

Алуадан тәтті қылышы,  
Жүректің болар шын емі.  
Адайдың аппақ сұлуы,  
Талайдың болған тілегі.

Сені іздең қанша сенделдім,  
Түсініксіз хәлім, бұл қалай.  
Ән қыстап жатқан кеудемнің,  
Маңғыстау жаққа бұрғаны-ай.

Сыңғыры-ай, гүлім, күлкінің,  
Досына мендей наз арттың.  
Соңғысы сен бе ең сылқымның,  
Болмысы біткен қазақтың.

Өмірдің татып тәттісін,  
Гүлі бол жүрген ортаның.  
Әлемнің барлық жақсысын,  
Тіледім саған, томпағым!

\* \* \*

Ертең жоқпын, дүние, бүгін бармын,  
Биік болсын өмірде тұғырларын.  
Әй, достым, құтты болсын бүгінгі күн,  
Бүгінгі күн – мейрамы сұлулардың.

Жүректің түрмесіне қамалар мұн,  
Қарыштап өсе түспек бағамы әр күн.  
Әй, достым, құтты болсын бүгінгі күн,  
Бүгінгі күн – мейрамы аналардың.

Аруларға айтындар тең келер кім?  
Тең келер кім, мен кімді тең көрермін.  
Әй, достым, құтты болсын бүгінгі күн,  
Бүгінгі күн – мейрамы женгелердің.

Алла сенің әрқашан бағынды ашсын,  
Баян мен Жібектердің жолын басқын.  
Әй, достым, құтты болсын бүгінгі күн,  
Мейрамы сіңілі мен қарындастың.

Демеймін ар мен намыс туын жыққын,  
Әр күніңен әй, көктем, жылу күттім.  
Достарым, құтты болсын бүгінгі күн,  
Бүгінгі күн – мейрамы сұлулықтың!

\* \* \*

Сертімді талақ қылып кеше берген,  
Тірілте алмай үмітті көшеде өлген.  
Мен саған кінә артпаймын, ардақтым-ау,  
Барлығы маңдайдағы пешенемнен.

Ұмытпаймын өзінді десем де мен,  
Қайғы артсаң да жүрекке еселеген.  
Сен маған кінә артпаши, ардақтым-ау,  
Барлығы маңдайдағы пешененнен.

## **МАЗМҰНЫ**

Анама .....	3
Кешір, әке...	8
«Білмеймін бір кәдеге жарадым ба?..» .....	10
«Жетісу, сенің тауынды сүйем мұнартқан...».....	11
«Сен кеткелі, әже, жанымнан...» .....	12
Дұшпандарыма ода .....	13
Сыр .....	15
«Атам емес, күллі Алаштың ұлы едім...» .....	16
Тірлік .....	17
Ертегі .....	18
«Көгеруде көк аспанның астында ел...» .....	19
«Ей, өмірім!..».....	23
Аға .....	24
Құлшылық .....	25
«Жанараймыңды тұмшаласа тұнық мұң...» .....	26
«Сезімім өлген сенделіп кетіп...» .....	27
«Мен ешқашан періштемін дегем жоқ...» .....	28
«...Шешіндіріп иманды жалаңаштап...» .....	29
«Өз елінсіз ақын бағы жанбаған...» .....	30

«Қу молаға айналған...» .....	30
«Адам болып келгеннен соң жалғанға...» .....	31
Неге?.....	32
Тыныс белгісі.....	33
«Келеді тұбі бір өлім...» .....	34
«Ағайын дей алмадым қын хәлім...» .....	35
Ой.....	35
Арсыздың күнін арынды былғап тойлама!.....	37
«Көз ілсем...» .....	38
Аққыртау.....	39
«Он күндей қатты ауырдым...» .....	40
Әлди .....	41
Жастығымды ұрлап кетті кеше күз.....	42
«Біздің қоғам «алтын қоғам» десек те...».....	43
«Құранның сүресіндей оқып қойған...».....	44
«Ұғынады харам істі ел неге...» .....	44
Күтіп ал мені.....	45
Өзіңе обалы.....	46
Айналдым .....	48
Сен мені... .....	49
Ұмытпассың .....	50
Сені ойласам.....	51
Сары қыз-ау.....	51

«Сүйген жігіттің айтатын саған назы бар...» .....	52
«Санамды улады бал сағым...».....	52
«Сағым боп қолыңды бұлғатсан, көкем...» .....	53
Наз .....	53
Мені де аңса.....	54
Сүйдім .....	55
Жолықтың неге маған? .....	56
«Ұшығын шығарғандай бір акпардың...».....	56
Неге?.....	57
Сені ұнаттым .....	58
Мұғалима апайым .....	58
Бір жанмын .....	60
«Бірге өткен күндерім —...» .....	61
Қош мәңгі! .....	63
Аппак қар .....	64
Мен өлген соң.....	64
«Койши, күнім, қойши бәрін, ойланба...» .....	66
Бүгінгі түн.....	67
Ақ паракта қалсын мәңгілік.....	68
Өкпем бар .....	69
«Неге жылаймыз бар жақсылықты көрсек те?...».....	70
«Боташым...» .....	70
«Мен сені тағы да көрдім...» .....	71

«Арманың ұшарында тұрмын мен...» .....	72
«Жарылқасын деп Жаратқан...» .....	73
«Жалғасы Домалак ананың...».....	74
Саған.....	75
«Махаббатқа іңкәр болған ізгі тұн...» .....	76
«Шығара алмай есімнен сені ғұлім...» .....	77
«Қарадың да тастадың қеудеме ұшқын...» .....	78
«Кешсігі...» .....	78
«Балхадиша, жарығым, жаным-құнім...» .....	79
Қара қызы .....	80
Біз екеуміз .....	81
Нұрға .....	82
«Күнім менің...».....	83
«Арамыз алыстап барады...» .....	85
«...Керім де керім, керім қызы...» .....	86
«Кешір, құрбым...» .....	87
«Ақ арман қызы...».....	88
«Мұнайма қызы!...» .....	88
«...Төлеген болғым келмейді...» .....	89
«Сынақтарын көтере алмай жүрегі...».....	90
«Мен саған жете алмай қамықтым...» .....	91
«Салатын кешке сыйылтып тәтті әнім бе едің?..».....	92
«Есін алған естінің ерке ғұлім...».....	93

«Жұзіңе тамсанып қарайды ай неге?..» .....	94
«Өмірден жерінem неге?..» .....	94
«Тағы тұрмын алдыңда, тағы келдім...» .....	95
«Саған әлі ғашықпын, саган әлі...» .....	95
«Тағдырым басқа бейнетін салса көніккем...» .....	96
«Жұпарын шашқан гүл едің жалғанға мынау...» .....	96
«Өкпелеме, өкпе деген жай ғана...» .....	96
«Сен неге ғайып болдың көз алдыннан...» .....	97
«Сені сүю Алладан маған нәсіп...» .....	97
«Ет жүргің сол кеудене сыймас түк...» .....	98
«Махаббаттың не екені беймәлім...» .....	99
Өкпелеуге хақымыз жоқ десек те .....	100
«Жарасына кеудем жар салып ем іздегені...» .....	101
«Желкенін жайсам сен жаққа үміт – кеменің...» .....	101
«Күдік келіп үмітпен «некемді» үзді...» .....	102
«Ниет сүйреп алысқа көш кемені...» .....	102
Жұлдызға .....	103
«Ертең жоқпын, дүние, бүгін бармын...» .....	104
«Сертімді талақ қылып кеше берген...» .....	105

«ЖАС ТОЛҚЫН» сериясы

**Жасұлан СЕРІК**

**КӨҢІЛ КӨЗІНДЕГІ ҚАРАШЫҚ**

*Өлеңдер*

Редакторы **Сәндиек Жұбаниязов**

Техникалық редакторы **Зайра Башанова**

Суретшісі **Нұрлан Тарабеков**

Компьютерде беттеген **Дилярам Мансурова**

## **ИБ № 7257**

Басуға 20.05.2013 қол койылды. Қалыбы 84x108<sup>1/32</sup>.  
Офсетті басылыс. Қаріп түрі «Times New Roman».

Баспа табағы 7,0. Шартты баспа табағы 6,0.  
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №976.

Қазақстан Республикасы “Жазушы” баспасы, 050009.  
Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан  
басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,  
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.

ISBN 978-601-200-430-4



9 786012 004304

3007



Жасұлан Серік 1992 жылы  
3 қыркүйекте Қызылорда  
қаласында дүниеге келген.  
Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеtinің студенті. Бірқатар  
республикалық жыр-мушайра-  
лардың жүлдегері.

Жазушы